



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕНБИ, 24 МАУСЫМ, 2023 ЖЫЛ №70 (23 246)

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

• МӘСЕЛЕ

Жер астынан «жік» шықты

Талды ауылындағы (Қасым Аманжолов селолық округі) мектептің апатты жағдайын айтып «Құрсаулы мектеп: бала қауіпсіздігіне бейқамдық» деп дабыл қақтық, былтыр. Артынша жаңа мектеп салынады деп сүйіншіледік. Бірақ, бүгінде құрылысы жүріп жатқан мектептің қабырғасы көтерілмей жатып, іргетасы қақырады. «Жаңа оқу жылы жаңа мектепте бастаймыз» деген оқушылардың қуанышы су сепкендей басылды. Алдағы уақытта апаттық жағдайдағы ғимаратта оқитын 200-ге жуық мектеп оқушысының амандығын адамнан емес, Алладан тілейтін боламыз. Адамға қарағанның күні қараң деген осындай айттылған екен ау...

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Олай деп ашына айтуымыздың жөні бар. Алғаш іргетасы 1989 жылы қаланған 447 орындық мектептің 2005 жылы қабырғасы қақырап, темір құрсауланды. Төбесіндегі жабындары шойынмен «шегеленді». 2021 жылы мамандар мектептің техникалық жағдайына сараптама жасап, «апатты» деп таныған. Тіпті, сүрілуі керек деп, төмендегідей қорытынды шығарылған. «2021 жылғы 18 тамыздағы №158 келісімшарт бойынша «Технострой-Инжиниринг 2050» техникалық қорытынды шығарған. Ғимарат іргетасының апаттық жағдайына байланысты жарылулар мен олардың тұрақтауының динамикасы туралы мағлұмат алу үшін құрылымды гипстік маяк көмегімен бақылау тиімсіз болып табылады. Тексеру қорытындысы бойынша ғимараттың және апаттың анықталған жағдайында ғимаратқа демонтаждау жүргізу қажет. Жаңа құрылыс материалдарын және дренажды жүйе құрылымдарын пайдалана отырып, арнайы жобамен жаңа құрылыс жүргізілуі тиіс» дейді.

Сәйкесінше, сол кезде құрылыс басқармасы «Талды ауылында 200 орындық мектеп құрылысына жобалау-сметалық құжатты әзірледі. Жобалаушы – «IN JOY Project»



Коллажды жасаған Шынар Адамбетова

ЖШС. Сараптама құны – 7 млн. 540 мың теңге. Құрылыс жұмысы шамамен 1 млрд. теңгені құрайды. Жоба әзірлену сатысында. Қазіргі уақытта жер учаскесіне актілер алынды, инженерлік-геологиялық жұмыстар жүргізілуде, электрмен жабдықтауға, сумен жабдықтауға, телефон байланысын орнатуға техникалық шарттар алынды.

Орталықтандырылған жылумен жабдықтау және қаріз жүйесі жоқ. Сәулет-жоспарлау тапсырмасын беруге өтінім берілді» деген болатын.

Алайда, араға жыл салмастан құрылысы басталған мектептің іргетасында жертеле жабынын жобу барысында жарықтар пайда болды. Бүгінде жарылған іргетасы

қайта алынған. Мәселенің мәнісін білу үшін тапсырыс беруші облыстың құрылыс басқармасына хабарластық.

Облыста апатты мектептер санын азайту мақсатында Қарқаралы ауданы, Аманжолов ауылдық округі, Талды ауылында 200 орындық мектеп құрылысы басталғанды. Мердігер ұйым – «Өмірзақ» ЖШС. Құрылыс жұмыстары 2022

техникалық тексеру жүргізілді. Зерттеу іргетас астындағы жер асты сулары ақаудың шығуына себеп болғанын көрсетті. Техникалық тексеру қорытындысы бойынша қайта қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу қажет. Қазіргі уақытта бөлшектеу жұмыстары аяқталуда. Жоба авторымен қатар жобалық шешімдерді өзгерту бойынша есептеулер жүргізіледі, – дейді облыстық құрылыс, сәулет және қалақұрылысы басқармасы басшысының орынбасары Абылай Смағұлов.

Аудандық қоғамдық кеңестің көшпелі отырысы Талды ауылында өтіп, кеңес мүшелері құрылыс барысымен танысады.

Қоғамдық кеңестің жылға бекіткен жұмыс жоспарына сай көшпелі отырысы Қасым Аманжолов ауылдық округінде өтті. Күн тәртібінде – ұлттық парк басшысының, ауыл әкімінің есебі және мектеп құрылысының барысы. Алдымен, мектеп құрылысы жүріп жатқан алаңға бардық. Жағдаймен таныстық. Мектептің орны қазылып, фундамент салына бастаған. Бетін плитамен жапқан кезде жарық пайда болған. Сол жерде мердігер технадзормен кездестік. Бұл жерде біріншіден көзге көрінгені, фундаменттің блоктары. Жаңа болса да ешқандай сапа жоқ, үгіліп жатыр. Кіріпшітері де сондай жағдайда. «Бұл қалай?»

«Бұл қалай?» деген сұрағанымызда, құрылыс материалдарын сатып алған жердің арнайы сертификатын көрсетті. Фундаменттің жарылып кетуін жер қыртысының ылғалды болуымен түсіндірді. Сонда, жобалау сметалық құжаттары барысында инженерлік-геологиялық жұмыстарының қорытындысы қалай болған?! Сулы болғанын өзінде, діні мықты құрылыс бағандарын қағып, іргетасты бекітуге болушы

еді. Ақырында алами фактор жоқ, тек жер кінәлі болып шықты. Ал жерді таңдаған кім? Тіпті, жер қыртысын тексергеннің өзінде бір-екі жерден бұрғылау, толық құрылыс іргетасының сапалы бекуіне кепілдік бермейді. Бұл жерден тек жауапсыздықты ғана көріп тұрмын, – дейді аудандық қоғамдық кеңес төрағасы Сайлау Әлиұлы.

«Кім кінәлі? Кім жауапты?» деген ішкі-қыры жоқ сұраққа мектеп құрылысын жүргізіп жатқан мердігер жауап берді.

Құрылыс нысанының іргетасын қалап, бетіне жабын жапқаннан кейін, іргетастың беріктігін де тексеру мақсатында үстіне ауыр құрылыс материалдарын қойдық. Бұл – бірнеше күнді алатын жұмыс процессі. Нәтижесінде, 26 мамырда техникалық тексеру жүргізіліп, іргетастан жарық кеткендігін көріп, тапсырыс беруші техникалық бақылаушымен бірге кеңес өткізіп, қайта бұзғуға шешім шығардық. Іргетаста жарықтың пайда болуының негізгі себептері жердің сулы болуы және құрылыс материалдарының сапасының төмендігі. Құрылыс биыл аяқталмайды. Әлі де тексеру, жобалау жұмыстары жүргізіледі. Құрылыс нысаны сапалы аяқтау – мақсатымыз, – дейді «Өмірзақ» ЖШС-нің жетекші инженері Ерилан Еспембетов.

Салғырт мердігер, жауапсыз жұмыс, сапасыз құрылыстың себебі біреу ғана. Ол – қадағалаудың жоқтығы. Қазір құрылыс салумен көрінген көк атты айналысып кетті. Салдарынан құрылыста мәселе шаш етекпен. «Құрылыс басталды» деп есеп беру мен жаңа нысанды қабылдап алудан әрі аспайтын жауапты сала мамандары тағы бар. «Әй, дейтін әже» болмаған соң сапасыз құрылыс «сәнге» айналды. Зарпап шегетін қашан да қарапайым халық.

• ТАНЫМ

Қазақ балалары ойнаған қуыршақ қандай?

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген 3-10 жастағы қазақ балалары қолдан жасап, тігілген «қазақ» қуыршақпен ойнаған. Балалар оны қамысқа, шыбыққа мата орап, сыртына көйлек тігіп, өздері жасаған. Әдетте, қазақтың ескі қуыршақтарына бет-жүзі салынбаған. Десе де, қуыршақтың киімі қазақ халқының ұлттық киімінің дәл көшірмесі болған. Ұзын етектегі, кең көйлекті. Ойыншық киіміне қарай қуыршақ қыз, қуыршақ қалыңдық, қуыршақ жігіт болып кете береді. Халқымыздың осындай ерекше құндылықтары Ресейдегі Кунсткамера музейінде сақталған. Мұны XX ғасырдың басында этнограф Клавдий Щенников қазақ даласынан жинап, музейге өткізген екен.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ежелгі уақытта қазақ балалары ойыншықтармен тек ойын-сауық үшін ғана емес, өмірге бейімделу мақсатында да ойнаған. Мәселен, қуыршақтардың көмегімен балалар жас кезінен бастап өздерінің болашақ міндеттеріне үйренді, олардың қатарына шаруашылық жүргізу, мал бағу, аң аулау, соғыс, белгілі бір тұрмыстық заттар жасау және т.б.

Қазақ қуыршақтарының киіміне қарай түрлері болғанын атадық. Мәселен, музейге қойылған ойыншықтардың ішінде қуыршақ жігіт те бар. Бұл XX ғасырдың басында Ақмола облысы Петропавл уезінен табылған екен. Осындай ойыншық түрлеріне қарап, балалар «үйлену тойын» ойнағанын аңғаруға болады. Олар қуыршақ қыз бен жігітті лайықтап киіндіріп, «тойға» дайындаған.

Қуыршақ күйеу жігітті жасау үшін ағаш, мата, қауырсын мен жіп пайдаланылған. Оның бойы – 24 см болса, иығының жалпақтығы – 3,5 см.

Өткен ғасырдың басында Ақмола облысының аумағынан жиналған тұрмысқа шықпаған қыздарды бейнелейтін қуыршақтар да музейде тұр. Олардың ерекшелігі – жыл-



қының жалынан жасалған бұрымы бар. Шаптың ұшына әшекей бұйым – шолпы ілген. Ол мыстан жасалыпты. Қуыршақтың бойы – 14 сантиметр болса, ені – 9 сантиметр. Ал, шашқа тағылған кішкене шолпының, яғни тиынның диаметрі – 2 сантиметр.

Қуыршақ қалыңдықтың бойы – 17, бас киімін қоса есептегенде 25 сантиметрге барады. Иығының жалпақтығы – 5,5 см, бетінің диаметрі – 1,8 сантиметр. Қуыршақ қалыңдық болғаннан кейін, киіміне ерек-

ше мән берілген. Мерекелік бас киімі түрлі-түсті әйнектермен, маржанның кішкене бөліктерімен, түймелермен, темір тақтайшалармен, жүн жолақтарымен, үкі қауырсындармен әшекейленген. Көйлегі кестеленген екен.

Қатарда қамзол кигізген қуыршақтар да бар. Оны қазақ әйелдерінің дәстүрлі сырт киімі саналатын қамзолдың толық көшірмесі деуге болады. Оны тігуге барқыт, шыт маталар, формалы киім үшін пайдаланылатын

жіңішке алтын күміс оқа және жіп пайдаланылған. Киім ұзындығы – 11 см, иығы 5 см, қолының ұзындығы – 5 см құрайды.

Сондай-ақ, қарапайым киім киген қуыршақтар да болған. Мәселен, қуыршақ әйелдің денесі шіден жасалып, матасы мақтадан тігілген. Бойы – 17,5 см, басының диаметрі – 1,5 см, ені – 1,5 см. Қуыршақ Ақмола облысының Атбасар уезіне тиесілі.

Осы ойыншықтардың бәрін қазақ балалары ертеде қолдан жасап, киімін өздері тіккенін айттық. Әсіресе, қыздар үшін қуыршаққа киім тігу – іс тігудің басы болған. Қуыршақтың киімін зерлеп, кестелеген. Осылайша, бұрынғылар балаларын тігіншілікке, ісмерлікке баулығаны байқалады.

Қуыршақтармен ойнағанда оның «жиһаздары» да қатар жасалған. Олардың төсек-орын жабығы, жиһазы, кереует, кілемше, жастықша, оюлы пердесі болған. Кілемше барқыт, шұға маталарынан тоқыма баумен және жіппен тігіліпті. Ұзындығы – 25 сантиметр, ені – 12 сантиметрді құрайды.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақ балалары ойнаған қуыршақтардың бет-жүзі жоқ. Оған ата-бабаларымыздың «жын әлемді аралап жүреді және адамға ұқсас суретке еніп алуы мүмкін» деген түсінігі кедергі болса керек. Сондықтан, қазақ ертеде түрін адамға ұқсатып ойыншық жасамаған.

Сондай-ақ, Кунсткамера музейінде этнографиялық және археологиялық коллекция жинаушы Самуил Дудиннің 1899 жылы сол кездегі Семей облысы, Саумалкөл маңында түсірген қуыршақтар суреті сақталған. Онда қуыршақ қыздан бастап қуыршақ әжеге дейінгі ойыншықтарды көруге болады. Тіпті, қуыршақтарға арналған түскізіз бен жастық, ойыншық несіннің кішкентай сөмкелері де бар.

Суреттер Кунсткамера музейінің ресми сайтынан алынды

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!
2023 жылдың II жартыжылдығына арналған «Ortalyq Qazaqstan» облыстық газетіне жазылу науқаны жалғасуда. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, редакцияда ресімдеуге болады

Kaspi.kz
арқылы сүйікті басылымыңызға жазылыңыз!

«Төлемдер» бөлімі → «Іздеу» → «Жазылым төлемі» → Баспа басылымының атауы

Санаты	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша Қала	
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5848,50 тг
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3100,50 тг
«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша Аудан / ауыл		
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5919,00 тг
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3111,00 тг

Қарағанды қ., Ермеков к., 33 8 қабат, 88 қаб.

Анықтама телефондары:
Руслан – 8-775-482-22-02
Ботагөз – 8-778-846-00-01
Нұрсұлтан – 8-705-902-04-05
Тел.: 43-57-89
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru



• «АЙБЫН-2023»

«Айбынның» бас жүлдесі – Астанада

Аптаға жалғасқан «Айбын-2023» ІХ халықаралық әскери-патриоттық жастар жиыны кеше жеңімпаздарды жария етті. Спасск әскери оқу-жаттығу орталығында бір жұма бойы еліміздің әр түпкірінен келген сымдай тартылған жастар бой ғана емес, ой да жарыстырған еді. Жабылу салтанатына Қорғаныс министрі генерал-полковник Руслан Жақсылықов, Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, Білім министрінің орынбасары Айбат Лиясов, Қазақстандағы Әзербайжанның әскери аташесі полковник Заур Керімов, Әзербайжан Қорғаныс министрлігінің өкілі полковник Назим Вахидоглу Аббасов, Өзбекстанның «Ватан тайяңчи» әскери-патриоттық қозғалысының бастығы полковник Бахром Зулфиров, Қарағанды облысының «Намыс» Әзербайжан мәдени орталығының төрағасы Гюлага Рзаев, Қазақстан Қарулы Күштерінің ардагерлері қатысты.

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жиынға қатысушыларды жарыстың сәтті аяқталуымен Қорғаныс министрі генерал-полковник Руслан Жақсылықов құттықтады. Ол бауырлас Әзербайжан, Өзбекстан елдерімен арадағы келісім, теңдік, өзара құрмет пен сенім қағидаттарына негізделген тату көршілік қатынастардың маңыздылығын атап өтті.

– ІХ халықаралық әскери-патриоттық жастар жиыны бейбітшілікті сүйетін халқымыздың өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуға және достық байланыстарды нығайтуға деген ұмтылысын айқын көрсетті, – деді Руслан Жақсылықов.

Әскери-қолданбалы спорт түрлеріне, зияткерлік және шығармашылық конкурстарға 700-ден астам ұл мен қыздан жасқалған 43 команда қатысты. Жиын қорытындысында халықаралық есепте үшінші орынды Әзербайжан, екінші орынды Өзбекстан, бірінші орынды Қазақстан командасы иеленді.

Қорғаныс министрінің Астана қаласындағы Сағадат Нұрмағамбетов атындағы әскери колледжі командасы «Айбын» ІХ халықаралық әскери-патриоттық жастар жиынының Гран-при иегері және абсолютті чемпионы атанды. Олар, сондай-ақ, республикалық әскери оқу орындары санатында да үздік деп танылды. Өңірлік қатысушылар арасында Қызылорда облысының «Сыр айбыны» әскери-патриоттық клубының командасы жеңіске жетті.



Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдардың әскери-патриоттық клубтары арасында Төтенше жағдайлар министрлігінің «Жас ұлан» командасы үздік атанды.

«Шығыс» өңірлік қолбасшылығы «Жас барлаушы» әскери-патриоттық клубының тәрбиеленушісі Мейіжан Теміржанов «Үздік жас сарбаз» номинациясы кубогын иеленді.

Жарыс жеңімпаздары кубоктармен, медальдармен, дипломдармен және естелік сыйлықтармен марапатталды. Салтанатты

жиын соңында «Айбын-2023» туы Сағадат Нұрмағамбетов атындағы әскери колледжі командасының капитанына табысталды.

Команда капитаны Диярбек Сұлтан бұл жиынға үздіксіз екі ай бойы дайындалғандарын айтады. Жеңіске жету үшін бар күш-жігерлерін жұмсап, колледж бен ата-ана сенімін ақтадық дейді.

– Кеңес Одағы Батыры, Армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов атындағы әскери колледждің екінші курсына оқимын. Бұл жиынға біздің ішімізден ең

Әскери-қолданбалы спорт түрлеріне, зияткерлік және шығармашылық конкурстарға 700-ден астам ұл мен қыздан жасқалған 43 команда қатысты. Жиын қорытындысында халықаралық есепте үшінші орынды Әзербайжан, екінші орынды Өзбекстан, бірінші орынды Қазақстан командасы иеленді.

тандаулылар келді. Сайысқа барымызды салдық. Оның бәрі ата-анамыздың арқасы. Жаттықтырушыларымыздың еңбегі. Олар бізден жеңіс күтеді. Үмітін ақтадық деп білемін. Жиын оңайға түскен жоқ. Екі айдан астам дайындалдық, – дейді Диярбек Сұлтан.

Диярбек Сұлтан бұл жиынға қатысу арқылы туған қаласының, колледжінің намысын қорғағандан мақтан тұтады. Сонымен қатар, алдағы уақытта жиынның жоғары әскери оқу орнына түсуге де әсері барын жасырмайды.

• БРИФИНГ

Құрбан айт қағидалары

Күллі мұсылман асыға күтетін ұлық мейрамның басталуына санаулы күн қалды. Биыл мұсылман қауымының ұлық мерекесі мен журналистердің кәсіби мерекесі қаз-қатар келуде. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының бастамасымен Қарағанды облыстық «Әнет баба» мешітінде Құрбан айт күндерін өткізу тәртібіне қатысты бұқаралық ақпарат өкілдерімен бірлескен брифинг болып өтті.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Брифингке ҚМДБ-ның Қарағанды облысы бойынша бас имамы Естай Әбдіғали, «Шариғат және пәтуа» бөлімінің Қарағанды облысы бойынша жауапты маманы Юсуфбек Шүғайұлы мәлімет таратты.

Биылғы Құрбан айт күндері 28-29-30 маусымға тұспа-тұс келгені жария етілген-тұғын. Өңірдің бас имамы Естай Айтұғанұлы 28 шілдеде Қарағанды облыстық «Әнет баба» мешітінде таңғы сағат 6:00-де айт намазы оқылатынын, арнайы құрбан шалуға қала аумағынан үш орын бекітілгенін жеткізді. Құрбан шалу көпшіліктің сұранысына орай, online түрде де «qurban2023.kz» сайты арқылы да жүзеге асады.

Қала аумағында мал союға арналған үш орын анықталды: Резник көшесі 18, Гоголь көшесі 2/23, С.Сейфуллин көшесі 53.

Кішкентай бала келіп, құрбан шала алмайды. Ал, келесісі ол жолаушы болмау керек. Сапарда жүрген адамдарға құрбан шалу міндет емес. Маңыздысы, құрбан шалатын адам ауқатты болу керек. Мысалы, мал санымен есептейтін болсақ, бес түйесі бар, яки отыз сиыры бар адам немесе қырық қойы бар адам. Осындай мал-мүлкі жоқ адамдарға құрбан шалу міндет болып саналмайды. Алтынмен иә ақшамен есептейтін болсақ, банктегі шотында 85 грамм алтын көлемінде не болмаса соның қуанындай ақшасы бар жан ауқатты болып саналады. Қазіргі есеппен өзінің күнделікті тұрмысындағы қаражатынан тыс 1 400 000 теңгесі бар азамат құрбандық шала алады. Ниет сыналатын күнде бастысы ниет тазалығы.

Тілшілердің «Түрлі мекеме ұжымы құрбандық шалуға ниет білдірсе оның тәртібі қалай болады?» деген сауалына Юсуфбек



Айт намазын оқығаннан кейін құрбан шалу басталады. Әдеттегідей барлық мешіттің аумағында шама-шарқынша дастархан жайылып, халыққа ас беріледі. Одан бөлек ұлттық спорт түрлерінен түрлі сайыстар өтіп, жеңімпаздарға қаржылай сыйақылар беріледі. Айттың бірінші күнінен бастап, мұқтаж жандарға құрбандық таратылады. Бұл орайда арнайы штаб құрылып, мешіт имамдары арнайы тоназытқыш, көлік дайындап, еріктілер еттің мұқтаж жандарға уақытылы жетуіне септігін тигізбек. Өңірдің жеті қаласы мен жеті ауданында арнайы орындар белгіленген. Ауылдық жерлерде әркім өз шаңырағында құрбандық шалады. Брифинг барысында дін өкілдері тазалық міндетті түрде сақталу қажеттігін ескертті.

«Құрбандық шалу кімдерге міндетті» деген ортақ сауалға дін өкілдерінің жауабы мынадай болды. Жалпы құрбан шалу шариғатта бүкіл адамға міндет болып саналмайды. Құрбан шалу үшін бірнеше шарт орындалуы керек. Біріншісі, мұсылман болу керек. Құдайын таныған адам ғана құрбан шала алады. Екіншісі, балиғат жасына толған адам.

Қала аумағында мал союға арналған үш орын анықталды: Резник көшесі 18, Гоголь көшесі 2/23, С.Сейфуллин көшесі 53. Айт намазын оқығаннан кейін құрбан шалу басталады.

Шүғайұлы былай деді. – Әлдебір мекеме қызметкерлері құрбан шалатын болса, оның сауабы шалған адамға жазылады. Дана халқымыз бұған қатысты бір «жазылмаған әдемі әдіс» ойлап тапқан. Егер бір мекемеде он адам болатын болса, жылына бір үйде құрбандық шалынады делік. Мұндайда әр жыл сайын бір қызметкердің есім-сойына арнап отыратын болған. Осы жылы да бұл үрдісті жалғастырып әкетеміз десеніз, мархабат.

Айт күндері ағайын-туыс бір-бірін құттықтап, ал араздасқан жандар татуласып жатады. Құрбан айт – бүкіл әлем жұртын қайырымдылық жасауға шақыратын мейрам. Мұсылман қауымы ерекше ұлықтайтын бұл мерекенің маңызы сонда болса керек.

• МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Жағажайда абай болған абзал

Суға түсу маусымы басталды. Аймақтағы шомылу және демалу мақсатында пайдаланылатын 23 ашық су айдыны облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің бақылауында. Департамент басшысы Юрий Залыгиннің айтуынша, аумақтық басқармалар мамыр айынан бастап су мен топырақтан сынамалар алуа.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Вирустық, паразиттік және басқа да аурулардың алдын алу мақсатында ашық су қоймаларынан және рекреация аймақтарынан топырақ, судың сынамалары санитариялық-химиялық, микробиологиялық, вирусологиялық, паразитологиялық көрсеткіштерге және аса қауіпті инфекциялардың қоздырғыштарына тексеріледі. Су сынамаларын сарптау нәтижелері бойынша микробиологиялық көрсеткіштерге сәйкес келмейтін сынамалардың пайызы 0,6%, санитариялық-химиялық көрсеткіштерге сәйкес келмейтін сынамалардың пайызы 2,7%, – дейді Юрий Залыгин.

Мәселен, Қарағандының Ор-

талық мәдениет және демалыс саябағындағы көл суында хлорид құрамының шамалы асып кетуі анықталған. Шерубай-Нұра өзенінде де құрғақ қалдықтың мөлшері асып кеткен.

– Құрғақ қалдық бұл – кальций, магний, калий, натрий, бикарбонаттар, хлоридтер мен сульфаттардың суда еріген минералды бейорганикалық тұздары және аз мөлшерде органикалық заттар. Шомылу немесе емдік ванналарды қабылдау кезінде тұзы жоғары сулар теріге экстерорецепторлар арқылы ағзаға химиялық әсер етеді. Иондар мен микроэлементтер ағзаға аз мөлшерде еніп, тамырлар мен ішкі ағзалардың рецепторларын ынталандырады. Судағы хлоридтер мен тұздар, тек суда ериді. Оның пайда болуы та-

биғи көздерге байланысты, – дейді Ю.Залыгин.

Спикердің айтуынша, жаппай демалу орындары шлюздерден, гидроэлектростанциялардан, сарқынды суларды ағызу орындарынан, мал суаратын жерлерден және басқа да ластану көздерінен 500 м қашықтықта, сондай-ақ өнеркәсіп кәсіпорындарының санитариялық-қорғау аймақтарынан тыс орналасады. Жағажай шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау көздерінен 50 метрден жақын орналаспауы тиіс.

Юрий Леонидович санитариялық қағидалардың талаптарына сәйкес шомылу маусымы басталар алдында объектілердің иелері су айдындарының суы мен жағажайлардағы құм зертханалық зерттелуі тиіс екендігін де ескертті.

– Бүгінгі таңда облыс бойынша 64 субұрқатқан 58-і жұмыс істеп тұр, – деді Юрий Залыгин.

– Күн ыстықта қала тұрғындары, әсіресе балалар субұрқатқарға шомылады. Ол таза, әдемі болып көрінгенімен, ондағы су қосым-

ша тазартудан немесе дезинфекциядан өтпейтінін ескеру керек. Онда шаң, жаңбыр ағындары жиналады. Әрі ыстық күнде су әлдеқайда тез жылығандықтан, микробтардың қарқынды көбеюі үшін қолайлы ортаға айналады. Сонымен қатар, субұрқатқарда көгершін, торғай, қаңғыбас жануарлар шомылатынын да ұмытпаған дұрыс. Бұл өз кезегінде ішек инфекцияларының, энтеровирустық және паразиттік аурулардың пайда болуына әкелуі мүмкін. Департамент басшысы субұрқатқар шомылуға арналмағанын қатты ескертті.

– Жарақат алу қаупі жоғары. Өйткені, ол қатты материалдардан жасалған, сатылы болып келеді. Судың әсерінен жан-жағы тайғақ болады, бұл жарақат алу қаупін айтарлықтай арттырады. Егер субұрқатқар жарықпен немесе музыкалық сүйемдеумен жабдыкталған болса, электр тоғы соғу қаупі бар, – дейді ол.

Эфир соңында белгіленбеген аймақтарға шомылуға болмайтын тағы бір ескертті.

• ТІКЕЛЕЙ ЭФІР

Орман өрті – орасан қауіп

Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына қарасты орман қорының аумағы 127 039 гектарды құрайды. Оның ішінде 68 968 гектары – орман алқабы. Негізгілеріне Ақтоғай, Қу, Қарағанды орман шаруашылықтары жатады. Биыл Қарағанды орман шаруашылығында 2,54 гектар аумақта үш орман өрті тұтанған. Бұл тұрасында facebook әлеуметтік желісінің тікелей эфирінде басқарма басшысы Бахтияр Санбаев мәлім етті.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Өрттің тұтануына көбіне көліктен тараған ұшқын себеп.

Тіркелген үш өрттің біріне автомобиль иесі кінәлі деп танылды. Көлік иесіне Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықтық Кодексіне сәйкес, 367-бабының екінші бөлігі

бойынша хаттама толтырылып, тіркелген мәліметтер сотқа жолданды. Өрт ошақтары дер шағында ауыздықталды, – деді спикер.

Өрт қаупі кезеңінің басынан бастап мемлекеттік орман қоры аумағында арнайы жолақтар орналастырылып, маусым сайынғы күтіп-баптау амалдары жүргізіледі. Орман өртінің алдын алу жөнінде биылға арналған іс-қимыл жоспары Қарағанды облысы әкімдігінің қаулысымен бекітілді. Мұнан бөлек, «Қазакмис» корпорациясы мен жекелеген кәсіпкерлер де тілсіз жауға қарсы күресте бірлескен іс-қимыл бойынша жекелеген келісімдер жасалды. Орман шаруашылығы өкіл-



дері ауыл шаруашылығы кәсіпкерлерімен меморандум жасасып, өрт пайда болған жағдайда бірігіп әрекет етуге уағдаласты.

Облыстық бюджеттен қоршаған ортаны қорғау жоспарына сәйкес, 907 миллион теңге қаражат бөлініп, қауіп жоғары маусымда жанар-жағармай қоры жинақталды. Қазір қорда 4000 литр дизель отыны мен бензин сақтаулы. Орман шаруашылықтарының материалдық-техникалық жабдықтауды нығайту үшін тиісті жабдыктарды сатып алу үдерістері жалғасын табуда. Бұларға «МТЗ» тракторлары мен мотоциклдер және патрульдік автомобильдер, дрон үлгісіндегі ұшу аппараттары, рациялар, квадроциклдер, аспалы қопсытқыштар, соқалар, дүрбі, автостерннарларды жатқызамыз. Орман шаруашылықтарының аумақта-

рында өртке жедел әрекет ету үшін бір типті жеке орман өрт станциясын салу жоспарланған. Бұл бағыттағы жұмыстар жыл аяғына дейін тамамдалады.

– Айттып келмейтін апаттан сақтану – күн тәртібіндегі басты мәселенің бірі. Сондықтан, қай кезде де тілсіз жауға тосқауыл қажет. Күннің күрт ысуына байланысты табиғи өрттердің орын алу қаупі арта түседі. Аптапта ыстық пен қуаңшылық кезінде ормандағы өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтаудың маңызы өте зор. Орманды тілсіз жаудан қорғау – әрбір саналы жан-ның қастерлі борышы, – деп атап өтті Бахтияр Жұматайұлы.

• МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫНДА

Бюджет неге игерілмейді? Депутаттар – бұл мәселеге алаңдайды

Облыстық мәслихаттың кезекті III сессиясында халық қалаулылары 2022 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуы және өңірдің 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспарын іске асыру жөніндегі есепті тыңдап, бекітті. Облыстық мәслихаттың төрағасы Нүркен Қобжановтың басшылығымен өткен сессия жұмысына облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев қатысты.

орындау қажеттігіне аударды.

20 облыс ішінде 5-орында

Облыстың экономика басқармасы-

Салтанат ІЛИАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бюджет қаржысы толық игерілмеген

Алғашқы сөз 2022 жылғы облыстық бюджеттің орындалуы туралы есеп берген облыстық қаржы басқармасының басшысы Людмила Башаринаға берілді. Оның айтуынша облыстың бір жылғы бюджеті – 541,6 млрд. теңге. Бірақ жүзеге асыру барысында біраз өзгерістер енгізіліп, нәтижесінде, аталған сома 542,1 млрд. теңгеге артқан.

Людмила Викторовна былтыр облыстың екіге бөлінуіне байланысты бюджет ақшасының 94,5 млрд. теңгесі Ұлытау облысына берілгенін де айтты.

– 2022 жылдың қорытындысы бойынша облыстық бюджеттің түсімі – 548,9 млрд. теңге. Республикалық бюджеттен трансферттік қарыз ретінде 420 млрд. теңге түсті. Ал, бюджеттік кредит бойынша өңірлерден түскен қаржы сомасы – 10,10 млрд. теңге, – дейді басқарма басшысы.

Облыстық бюджеттің шығыс бөлігі 535,8 млрд. теңгені құрағанын да айтты Людмила Башарина. Ал, пайдаланылмай қалған қаржы, атап айтқанда үнемделгені – 1,1 млрд. теңге болса, игерілмегені – 5,1 млрд. теңге. Басқарма басшысы қаржының игерілмей қалуы құрылыс-монтаждау жұмыстарының кестесінің өзгеруіне, сот процестерінің жүргізілуі мен жобалық-сметалық құжаттарға өзгерістер енуіне байланысты екенін айтты.

Бірақ, бюджетке салынған қаржы игерілуі тиіс. Бағдарлама көрсеткіші орындалмаса, жауаптылар тиісті жазасын да алады. Людмила Викторовна облыс бойынша 18 лауазымды тұлға тәртіптік жаза алғанын да айтты. Биылғы бюджет толығымен игерілуі үшін тиісті шара қабылдаймыз деп уәдесін де берді аймақ басшысы мен депутаттар алдында.

Дегенмен, 2022 жылғы облыс бюджетінде оң динамика бар екенін де жоққа шығармайды ол. Мәселен, бюджеттің кіріс бөлігі асыра орындалып, 103%-ға жетсе, шығыс бөлігі 535,8 млрд. теңгені құраған.

Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясының төрағасы міндетін атқарушы Аян Таханов та жергілікті жерлерде бюджет қаржысының игерілмей қалуын жоққа шығарып отырған жоқ. Мәселен, республикалық бюджеттен бөлінетін мақсатты трансферттердің 85%-ы игерілмей қалған. Олардың дені құрылысқа қатысты.

– Саран және Теміртау қалаларындағы, Ақтоғай, Бұқар жырау және Қарқаралы аудандарында тұрғын үй құрылыстарының, су және жылумен жабдықтау нысандары бойынша инфрақұрылымдардың құрылысы аяқталмай қалған, – дейді Аян Борисұлы.

Облыстық бюджеттік бағдарламаларды іске асыру тиімділігі 89%-дан 92 %-ға дейін өскеніне қарамастан, жергілікті жердің әкімдері түпкі нәтиже көрсеткіштерінің онан бір бөлігіне қол жеткізуді қамтамасыз етпегенін де айтты комиссия төрағасы. Ал, оның себебі біреу ғана емес. Бюджет қаражатын жауапты тұлғалардың тиісінше басқармауынан бастап, бағынысты ұйымдардың қызметі де дұрыс үйлестірілмейді. Тіпті, өнім берушілердің өзі келісімшартта көрсетілген міндеттемелерін тиісінше орындауға құлықсыз. Сәйкесінше, тексеру комиссиясы анықтаған заң бұзушылық 10,7 млрд. теңгені құраған. Ал, бұл қаржының жартысына жуығын тиімсіз пайдаланылған. Ал, 25 % қаржы тиімсіз жоспарланған.

– Жоғары әлеуметтік және экономикалық әсерге қол жеткізбегені үшін бірінші басшылардың жауапкершілігін арттыру керек, – дейді Аян Борисұлы.

«Ақжол» Қазақстан демократиялық партиясының облыстық филиалының директоры, облыстық мәслихат депутаты Ермек Әбдідин бюджет қаражатының игерілмей қалуының салдары ауыр екенін айтты. Бұл жұмыстың тұралап, әлеуметтік бағдарламаларға бөлінетін қаржының қысқаруына, жұмыссыздықтың өсуіне және тағы басқаларына алып келуі мүмкін.

Ермек Төлеуұлы өз кезегінде аталған мәселені шешу жолдарын да ұсынды.

–Тәуелсіз мониторинг жұмысын жолға қойып, бақылауды күшейту керек. Одан бөлек, процестердің ашықтығын



қамтамасыз ету мен бюджет қаражатын тиімсіз пайдаланғаны үшін жауапкершілік тетігін әзірлеуді ұсынамын, – деді ол.

Тиімді жоспарлау болуы керек

Облыстық мәслихаттың бюджет және жергілікті басқару мен өзін-өзі басқаруды дамыту жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы А.Әбдікәрімов 2022 жылдың қорытындысы бойынша өңір дамуының оң динамикасын атап өтті. Жалпы өңірлік өнім көлемі – 7,3 млрд. теңге. Бұл жерде өнеркәсіп үлесі басым, атап айтқанда 49,9 %. Шағын және орта бизнес субъектілері өндірген өнім – 114,5 %. Құрылыс жұмыстарының көлемі – 350,6 млрд. теңге. 597,2 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген.

«Депутаттардың үнемі назарында болатын мәселелердің бірі – бюджет қаражатын тиімді пайдалану. Бюджеттік бағдарламалардың түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізу және бюджет қаражатын уақытылы игеру өзекті болып қала береді», – деп атап өтті А.Әбдікәрімов.

Облыстық бюджет шығыстарында әлеуметтік міндеттемелерді орындауға басымдық берілгенін айтты комиссия төрағасы. Атап айтқанда өткен жылдардағыдай облыстық бюджет шығыстарының негізгі үлесі әлеуметтік саланы дамытуға бағытталып, 60 %-ды құраған.

Аян Әбдікәрімов те облыстық бюджеттің орындалуы туралы есепті бекіту кезінде анықталатын кемшіліктер жыл сайын қайталанатынын айтты. Мәселен, облыстың басқармалары қаражатын тиімді жоспарламау бюджеттік бағдарламалардың орындалуына кері әсерін берген. Бұл 97,4 млн. теңгені құраған. «Аталған қаржыны жыл бойы басқа да әлеуметтік бағдарламаларды орындауға бөлуге болатын еді» дейді Аян Әбдікәрімов.

Депутаттық корпус облыстың басқармаларының назарын бюджеттік бағдарламалардың орындалуына және бюджет қаражатының игерілуіне себептеріне сапалы талдау жүргізуге, мемлекеттік сатып алуды тиісінше әкімшілендіруге, жыл ішінде бюджеттің бірқелкі атқарылуын қамтамасыз етуге, даму бюджетін іске асыру кезінде «жобалық менеджментті» енгізу және облыстың даму жоспарының іс-шаралары мен нысаналы индикаторларын уақытылы

ның басшысы Татьяна Аблаева облыстың даму жоспары бойынша 16 мақсат пен 126 нысаналы индикаторды іске асыру көзделгенін мәлімдеді. Даму жоспарын іске асыру жөніндегі жоспарда 383,3



кәсіптік өндіріс көлемінің үлес салмағы бойынша облыс республика бойынша 3-орында. Ал, «Өңдеу өнеркәсібіндегі өндіріс көлемі» нысаналы индикаторы 3,5% өсіммен орындалды, – дейді басқарма басшысы.

Көрсеткіштердің жоғарылуына 2022 жылы болат өндіру көлемін 3,5 млн. тоннаға, химия өнеркәсібі өндірісін 70,6 млрд. теңгеге, құрылыс материалдарын өндіруді 181,5 млрд. теңгеге ұлғайту жөніндегі іс-шаралар ықпал еткен.

Татьяна Юрьевна ауыл шару-

жөніндегі қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізу мәселесіне одан әрі бастамашылық жасау үшін өрт сөндіру және орман күзет машиналарын сатып алу рәсімдерін оңайлату жөнінде облыстық мәслихатқа ақпарат енгізу ұсынды.

Сессияда халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі ономастикалық комиссияның құрамы, Мемлекеттік рәміздер, Үйлестіру кеңесінің құрамы бекітілді. Одан бөлек, Ақтоғай ауданы мен Балқаш қаласының әкімшілік-аумақтық құрылымына өзгерістер қолдау тапты. Балқаш қаласының әкімшілік аумағына Ақтоғай ауданына қарасты Торанғалық кенті қосылады. Бұл көптен күткен өзгеріс қурорттық ауылды дамытуға және туристік кластер құрып, оң имидж қалыптастыруға мүмкіндік береді.

«Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы мен Балқаш қаласының әкімшілік-аумақтық құрылымына мынадай өзгеріс енгізілсін: Ақтоғай ауданының Торанғалық ауылдық округі жойылсын, кейіннен оның аумағы Балқаш қаласының әкімшілік бағынысына енгізіле отырып, оны есептік деректерден алып тасталсын», – делінген құжатта.

Экономика басқармасының басшысы Татьяна Аблаева барлық заңды рәсімдер жүргізілгенін атап өтті.

– Шешім Торанғалық ауылдық округіндегі жылжымайтын мүлік объектілерін тіркеу рәсімдерін жүргізу үшін әкімшілік реттеуді шешу мақсатында ұйғарылды, – деп түсіндірді Татьяна Аблаева.

Жоспар орындалуы тиіс

Сессия жұмысына қатысқан облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев өңірдің ағымдағы жағдайы мен даму перспективалары туралы құқық қорғау, фискалды және басқа да аумақтық мемлекеттік органдардың өкілдерін, облыстық басқармалардың басшыларын, қалалар мен аудандар мәслихаттарының төрағаларын және қалалар мен аудандардың әкімдерін хабардар етті.

– 2022 жылғы бюджет өзінің әлеуметтік бағытын сақтап қалды. Бірінші кезекте шығындар азаматтарымыздың өмір сүру сапасын жақсартуға, әлеуметтік тұрақтылық пен қорғауды нығайтуға бағытталды. Сондай-ақ, жобалардың қымбаттауына, жобалық-сметалық құжаттамаға түзетулер енгізуге, сот талқылауларына байланысты қаражатын игерілмеу жағдайлары болды. Биыл бюджетті толығымен игерілуі үшін шаралар қабылдаймыз, – деді аймақ басшысы.

Сонымен қатар, облыс әкімі аймақта талай жылдан бері күрделі жөндеу жұмыстарын көрмеген мектептердің бар екеніне тоқталды.

– Ауыл тұрғындарымен кездескенде олар спорттық нысандарды салып беру-

ашылығында еңбек өнімділігі 4,9 млн. теңгені құрағанын айтты. Ол мемлекеттік қолдау шараларын тиімді пайдалану, инвестициялық жобаларды іске асыру, ортапандыру және заманауи техникамен, цифрлық технологиялармен жаратандыру есебінен жүзеге асқан.

Халықтың өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі жұмыс басым бағыт болып табылатынын айтады Татьяна Аблаева. Мәселен, жоспарланған «Орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету» нысаналы индикаторы қалаларда – 98,5%, ауылдық елді мекендерде – 92,9% орындалған. Жұмыссыздық деңгейі 4,5%-дан 4,2%-ға төмендеген.

Басқарма басшысының мәлімдеуінше, облыстың даму жоспарының мақсаттарына қол жеткізу блогы бойынша Қарағанды облысы 20 облыс ішінде 5-орында.

Маңызды мәселелер қабылданды

Сессияда жоспарланған маңызды мәселенің бірі – 2022-2024 жылдарға ар-



млрд. теңге сомасына 328 шара көзделген. Қаражатты игеру – 98,3 %.

– Облыстың жалпы өңірлік өнімінің көлемі 2022 жылы 7,4 трлн. теңге. Өнер-

налған қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының іске асырылуы.

– 2022 жылға жоспарланған 32 іс-шараның 13-і орындалды, 14-і 2023 жылы жалғасып, ішінара орындалды, 5-і орындалмай қалды. Табиғатты қорғау іс-шараларын іске асыру шеңберінде ластаушы заттарды анықтау үшін жаңа жабдық, орман қорын табиғи өрттерден қорғау үшін мамандандырылған техника, орман шаруашылықтары үшін 150 бірліктен астам жабдық сатып алынды. Одан бөлек, өзендерге ішінара санация жүргізіліп, балық шаруашылығы су айдындарына балық аулау жүргізілді. Коммуналдық қалдықтардың қауіпті құрамдас бөліктерін және басқаларын жинауға арналған контейнерлер орнатылуда, – дейді облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Бахтияр Санбаев.

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау шеңберінде депутаттар уәкілетті органдарға сараптамалық қоғамдастықпен және жұртшылықпен жұмысты күшейтуді, тиімді өзара байланыс орнатуды ұсынды. Депутаттық корпус мемлекеттік сатып алу

ді өтініш етіп жатады. Әрине, ол да керек шығар. Бірақ, мектептердің жағдайы қиын болып тұрғанда, оларға көңіл бөлу қалай болмақ? – дейді Ермағанбет Қабулаұлы.

Денсаулық сақтау саласындағы көрсеткіштерге де назар аудару қажет екенін де баса айтты аймақ басшысы депутаттарға.

Облыстың даму жоспарын іске асыруға қатысты аймақ басшысы бұл негізгі құжат екеніне тоқталды. Ол Қазақстанның 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарында, ұлттық жобаларда, Ел Президентінің Жолдауларында қойылған мақсаттар мен міндеттерді қамтиды.


Жоспар бойынша инвестицияларды дамыту және халықты нәтижелі жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету бойынша жоспарланған іс-шаралар 100%, сапалы адами ресурстар, сапалы әлеуметтік сала және әлеуметтік кәсіпкерлік бағыттарына қол жеткізу 90%, өнеркәсіп, қауіпсіз өмір сүру ортасын қамтамасыз ету 80%-ға орындалған.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ





«Сот төрелігі адал болса ғана әділдік туралы айта аламыз»



РЕФОРМА –
ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

«Биді кім болса содан қорықпайтындай, біреудің бетінің қызылына немесе біреудің жақсы жағасына қарамайтындай жағдайға қою шарт» деген екен Әлихан Бөкейхан. Бүгінгінің биді – судья, сот. Оларға Алаш арысы айтқан жағдай қазір жасалмады деу – жансақ. Сот төрелігінің әділдігі – қоғамның кемелденуінің кепілі. Әділдіктің салтанат құруы сотқа байланысты бұл күні. Реформадан соңғы сот тынысы туралы Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы №2 сотының төрағасы Бақытбек Шайзадаев әңгімелейді...

жылдар аралығында сотта қаралған азаматтық істер екі есеге артқан. Осылайша Қазақстанда елдің әрбір төртінші тұрғыны қандай да бір сот процесіне қатысқан болып шығады. Осы орайда Жоғарғы Сот 2018 жылдың сәуірінде «Татуласу: сотқа дейін, сотта» жобасы аясында «Соттағы татуластыру рәсімдері» туралы жаңа жобаны жүзеге асырып, тиісті

лауазымды тұлғалардың шешіміне, әрекетіне немесе әрекетсіздігіне шағым келтірілген істерді ғана қарайды. Әкімшілік соттар дауларды «мемлекеттік органның кінәлілігі презумпциясы» қағидаты бойынша шешеді. Мұндай тәсіл жағдайды түбегейлі өзгерті. Қазіргі таңда бір жыл ішінде мемлекеттік органдар істердің 60% бойынша ұтылуға, бұрын бұл көрсеткіш бар болғаны 15% құрайтын. Халық сот жүйесі жаңғырғанын нақты атқарылып жатқан шаралардан көреді.

– Президент тапсырмасымен судьялар арасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы пәрменді шаралар жүргені мәлім. Оны қарапайым халық сезіне алды ма?

– Сот саласындағы жемқорлықпен күрес күн тәртібінен түскен емес. Сол себепті тиісті шаралар толасыз. Қазіргі таңда қабылданып жатқан шешімдердің заңдылығы, оның заңға сәйкестігі жоғары тұрған сот сатысымен тексеріледі. Ал сот жүйесінде кездесетін бірді-екілі жағдайлар жемқорлықпен ымырасыз күрестегі шараларды жоққа шығармауға тиісті. Бұл бағытта жұмыс күнделікті іске асып келеді. Сондай-ақ, сот кеңесімен жүргізіліп жатқан күрделі конкурстық таңдау білікті мықты заңгерлердің келуін қамтамасыз етті. Ол болса, сот билігі сапасының едәуір артуына ықпал жасады. Соттар кадр мәселесінен шеттетілген. Онымен Жоғарғы Сот кеңесі айналысады. Бұл сот әділдігін күшейтті деп сеніммен айтуға негіз бар.

– Бұқара да бұған сенсінгі келеді. Енді мереке қарсаңында әріптестеріңізге лебіңізді естісек...

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 31 наурыздағы №183 қаулысына сай «Қазақстан Республикасындағы мерекелік күндердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 31 қазандағы №689 қаулысына толықтыру енгізу арқылы былтырдан бастап, Қазақстан Республикасындағы мерекелік күндердің қатарына – 24 маусым – «Судья және сот қызметкері күні» болып бекітілді.

Осы мереке қарсаңында кәсіби мерекемен барлық әріптестерім мен сот қызметкерлерін құттықтап, оларға ел игілігі мен мемлекетіміздің нығаюы жолында атқарып жатқан қызметтеріне сәттілік, жауапты әрі күрделі қызметтің абырой биігінен көрінуді тілеймін.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

• БҮГІН – СУДЬЯ ЖӘНЕ СОТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

Туралықты ту еткен

24 маусым Қазақстан Республикасының судья және сот қызметкерлері күні болып бекітілген. Осы кәсіби мереке қарсаңында адал қызмет жасаған, өмірлік жолын заң саласына судья қызметіне берген тұлғалар туралы айтып өткен жөн болар.



Рысғұл Қазықызы Исабекова – Қарағанды облысы, Нұра ауданы Ынтымақ ауылында қарапайым отбасында дүниеге келген. Әкесі 20 жыл қойшы болған, анасы үй шаруасымен айналысқан.

Рысғұл Қазықызының жастайынан өте зерек, кітапқа құмар, білімге құштар болып өскен орта мектепті үздік тәмамдап, жоғары оқу орындарында да үздік оқуына ықпал етті.

Сот саласындағы 30 жылға жуық уақыттың 20 жылында судья болды. Мұндағы еңбек жолын 1998 жылдан бастап Қарағанды облыстық сотында алқа хатшысы, жетекші маман, бас маман қызметтерін атқарған. 2002 жылы Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданының №2 аудандық сотының судьясы болып тағайындалды, 2004 жылдан 2012 жылға дейін Ақмола облысының Көкшетау қалалық сотының судьясы, 2012 жылдан 2023 жылдың наурыз айына дейін Қарағанды облыстық сотының судьясы лауазымында болған.

Рысғұл Қазықызы судьялық қызметке 35 жасқа толғанда, яғни өмірлік тәжірибе жинақтап, ақыл тоқтатқан кезде, өз кәсібін қажетті білім мен білік жинаған шағында келген екен. «Кейбір әріптестерім сияқты судья болуды жастайымнан армандадым десем артық айтқан болар едім. Басында заңгер болғым келді, сол үшін заң факультетіне оқуға түстім. Облыстық соттың хатшысы болып орналасып, судьялармен етене араласа келе, олардың күнделікті еңбек ету процесімен танысқан кезде ғана судьялық қызметке қы-

зығушылығым оянда. Сондықтан, судья болам деп алдыма мақсат қоюыма осы Қарағанды облыстық сотының судьялары ықпал етті деп нақты айта аламын», – дейді ол кісі.

Рысғұл Қазықызы жұмыстан бос уақытында кітап оқығанды, іс тіккенді және шахмат ойнағанды ұнатады екен. Студент кезінде шахмат турнирларына қатысып оқу орнының намысын қорғаса, қазір немерелерімен ойнап, оларды шахмат арқылы жылдам ойлануға, зейінін шоғырландыруға және логикалық тұрғыдан ойөрісін кеңейтуге дағдыландырып, тәрбиелеп келеді.

Сот жүйесіндегі көпжылдық, мінсіз қызметі және сот төрелігін жүзеге асырудағы табысы, белсенді қоғамдық қызметі үшін «Қазақстан Конституциясына – 25 жыл» мерейтойлық медалімен, Жоғарғы Сот Төрағасының Судьялар одағының, Ақмола және Қарағанды облыстық соттары төрағаларының Алғыс хаттары мен Құрмет грамоталарымен, сонымен қатар 2022 жылы «Мінсіз қызметі үшін» III дәрежелі медалімен марапатталған.

Биыл ақпан айынан бастап Рысғұл Қазықызы заңды отставкаға кетеді.

Еңбексүйіштігі, жанашырлық, қарапайымдылық сынды қасиеттерімен ерекшеленетін Рысғұл Қазықызы елге сыйлы, озық ойлайтын кемел тұлға ретінде жастарға үлгі болады деп ойлаймын.

Қарағанды облысы
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік соты

– Бақытбек мырза, алғашқы сауалды төтесінен қойғымыз келіп отыр. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген ғұрыптық сот әлімсақтан ұстанған осы дала конституциясына бүгінгі судьялар қазіргі күні адал ма?

– Адалдық – адам мінезіндегі ерекше әрі бағалы қасиеттің бірі. Әрі адам бағасының бір өлшемі. Адалдық – шыншылдық, айнамастық, шын берілгендік сияқты игі қасиеттермен қатар қолданылады. Біздің ұлттық пайымымызда адам бойында адалдық – пәктік, ар-ұждан, жан тазалығы тәрізді тағы да басқа асыл қасиеттердің жиынтығынан тұрады. Сол себепті де, әр қоғамдық қатынастарда адалдық ерекше назарда.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңына сай сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады. Азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауға, Конституцияның заңдардың өзге де нормативтік-құқықтық актілердің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуге қызмет етеді. Судьялар сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз. Тек Конституция мен заңға ғана бағынады. Судья лауазымына алғаш рет сайланған немесе тағайындалған адам төмендегідей мазмұнда ант береді:

«Өз міндеттерімді адал және абыройды атқаруға, сот төрелігін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына ғана бағына отырып жүзеге асыруға, судья ретіндегі борышым міндеттегендей бейтарап және әділ болуға салтанатты түрде ант етемін».

Демек, судья қызметінде адал болу – заң талабы, сол себепті де оның қызметінде бұл мәселенің туындамауы қажет. Себебі судья – ол әрқашан да адалдық пен әділеттілік үлгісі.

– Соңғы жылдардағы бірқатар реформа жүйеге қандай соңы жанылық әкелді? Қоғам жүйесінің жаңғырғанын неден аңғаруы тиіс?



– Сот реформасы жайлы бір сұхбат аясында толық тоқталып оту мүмкін емес. Дегенмен, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауының бесінші бағдарын «Заң және тәртіпке» арнады. Онда қоғамда заң үстемдігі берік орнығып, сот төрелігі әділ атқарылуы қажеттігін нақты атап өтті.

Елімізде сот төрелігі заңға сай қатаң жүргізілгенде ғана әділ атқарылғандығы жөнінде айта аламыз. Бұл ретте Жоғарғы Сот тарапынан 2018 жылдан қолға алынып, жүргізілген ауқымды және іргелі істер бар. Соның нәтижесінде тиісті заңдар қабылданып, қазіргі таңда олар жемісін беруде. Осы бағыттағы бірі – азаматтық істер бойынша дауларды соттан тыс және сотта татуласу рәсімдері арқылы шешуді қалыптастыру және дамыту.

Соттарда қаралатын даулардың басым бөлігі – азаматтық істер, яғни, қоғамымызда дау көп және ол болады да. Бәрімізге белгілі, қазіргі әлемдегі басымдық – ол дауларды соттан тыс институттар арқылы шешу. Мәселен, 2013-2017

шаралар жүргізілді. Соның нәтижесінде сотқа түсетін арыздар саны едәуір азайып, соңғы 4 жылда 900 мыңнан 340-қа дейін немесе 2,5 есе төмендеді.

Соның бір нақты көрінісі, қазіргі таңда егер дау сотқа келіп түссе, судьялардың өздері де екі жақты бітімге келтіруге тырысады. Сондықтан бұрын соттарда істердің 2-3%-ы ғана татуласу жолымен шешілетін. Қазір бұл көрсеткіш – 40,1%-ға жетті. Яғни, әрбір үшінші іс татуласумен аяқталып жатыр. Сонымен қатар, айта кету керек, «Жаңа Қазақстанда» сот жүйесі де реформалануда. Ол туралы көптеген кездесулерде Президент соттардың сапалы қызмет атқаруы үшін нақты шаралар қабылданып жатқанын мәлімдеді. Бұл салада енді талапқа сай келмейтін судьяларға орын болмауы тиістігін қадап айтты. 3 жылда 174 судья жұмыстан шығарылған, лауазымы төмендетілген. Бұл – осыған дейінгі 10 жылдағы көрсеткіштен 3 еседі артық!

2021 жылы шілдеден бастап, Қазақстанда «әкімшілік әділеттілік» – әкімшілік соттар жұмыс істей бастады. Жаңа маманданған ауданаралық әкімшілік соттар тек мемлекеттік органдардың, шенеуніктердің, өзге

• ПИЛОТТЫҚ ЖОБА

«Түнгі сот»

Сот күндіз ғана емес, түнде де істерді қарап, қаулы шығара береді. Анығында, кешкі сағат 18:30-дан 22:00-ге сағатқа дейін. Жыл – айға, ай – сағатқа, сағат – минутқа темелгендей болған кезде бұл уақыттың үнемдеймін дегендер үшін таптырмас шешім болып тұр. Дегенмен, қарапайым адам үшін «Түнгі сот» атауы таңсық көрінгенмен, жобаның қолданысқа енгеніне биыл бесінші жыл. Ал, Қарағанды облысында 2019 жылы пилоттық жоба ретінде қолға алынған. АҚШ пен Сингапурдың озық тәжірибесіне сүйеніп отырып енгізілген жобаның тиімділігін Қарағанды қаласының әкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сот судьялары да айтуда. Мәселен, биылғы алты айдың өзінде әкімшілік істер, атап айтқанда жол-көлік оқиғалары бойынша 639 іс қаралған.

Салтанат ЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Түнгі сот» тәжірибесі кеше ғана пайда болған жоқ. Оны әлемнің бірқатар елдері табысты қолданып келеді. Мәселен, 2016 жылы АҚШ-та түнгі сағат 01:00-ге дейін жұмыс істейтін алғашқы түнгі сот ашылған болатын. Көрінілес Ресейде де 2018 жылы қолданысқа енгізілді. Ал, Қазақстан «Түнгі сот» жобасын Жоғарғы сот делегациясы Сингапур сапарынан келгеннен кейін тәжірибеде қолданып көруді қолға алған.

Түнгі соттың негізгі идеясы – әкімшілік құқықбұзушылық істер бойынша процесік рәсімдерді оңайлату. Атап айтқанда, тараптар бұрынғыша бірнеше ай сенделіп, уақыт жоғалтастан барлық мәселелерді жедел шешуге мүмкіндік алады.

Бірақ, түнгі сотқа жүгінудің де өзіндік тәртібі бар. Жоғарыда айтқанымыздай,

аталған сот әкімшілік істерді, оның ішінде жол-көлік оқиғаларын қарастырады деп айтқан болатынбыз. Іс жедел қаралуы үшін кінәлі жол-көлік оқиғасындағы өзіннің кінәсін толық мойындап, жәбірленушімен келісуі қажет. Әлбетте, кінәлі болса ғана және адам шығыны болмауы тиіс. Ал, құқық қорғау қызметкерлері міндетті түрде сотқа дәлелдемелерді ұсынады.

– Жол-көлік оқиғасы болған жағдайда жол полициясы қызметкерлері екі тарапқа да істің қаралу тәртібін түсіндіреді. Егер келіссе, өтінішхат жазып, түнгі сотқа жүгіне алады. Жалпы, оқыс оқиға орын алған күннің түнінде қызметкерлер кінәліні алып сотқа келуі тиіс. Іс сотқа келіп түскеннен кейін 1-2 күннің ішінде қарастырып, қаулы шығарып береміз, – дейді Қарағанды қаласының әкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы Венера Махабаева.

Мәселен, 2023 жылғы 8 маусымда



сағат 8:48-де Қарағанды қаласындағы Тәттімбет көшесінде Ержан (аты өзгертілді) есімді азамат өзінің басқаруындағы Mercedes-Benz маркалы автокөлігімен ара қапшықтығы сақтамай, Айжан (аты өзгертілді) есімді азаматшаның басқаруындағы Hyundai маркалы автокөлігімен соқтығысқан. Жол-көлік

оқиғасында зардап шеккендер жоқ, тек екі көлік те механикалық зақым алып, материалдық шығын келтірілген. Осылайша Mercedes-Benz автокөлігінің иесі Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 610-бабының 1-бөлігінде көзделген әкімшілік құқықбұзушылық жасаған. Аталған бап бойынша, көлік құралдары

жүргізушілерінің жол жүрісі қағидаларын бұзғаны үшін жиырма айлық есеппік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға немесе алты айға дейінгі мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айыруға әкеп соғады.

Нәтижесінде, Қарағанды қаласының әкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы Л.Рыбалкинаның қаулысымен Mercedes-Benz автокөлігінің иесі кінәлі деп танылып, 48 300 теңге көлемінде айыппұл салынған. Ал, жүргізуші куәлігі айыппұл төленгеннен кейін қайтарылады. Бұл – бір түнде шешілген іс. Яғни, кінәлі тарап айыппұл төлегеннен кейін жүргізуші куәлігін де жылдам қайтара алады.

Түнгі сот тек Қарағанды қаласы бойынша жол-көлік оқиғаларына қатысты істерді ғана қарайтынны айту керек. Венера Тұрғанбайқызы түнгі судьялардың жұмысы қыста көбейіп, жаз мезгілінде біраз саябырлайтынын айтады.

– Ауа райына байланысты жол-көлік оқиғалары қыста көп болады. Сондықтан, түнгі сот жүргізушілер үшін өте тиімді. Жұмыс кешкі сағат 18:30-дан кейін басталатындықтан, жұмыстан босай алмайтындар өздерінің кінәларын мойындап, істің жедел қаралуы үшін өтінішхат жазыды. Кінәлілердің 80 пайызы кінәларын мойындап келеді, – дейді судья.

Іс қаралғаннан кейін тараптар қаулының дереу заңды күшіне енуі туралы өтінішхат беруге құқылы. Заңды күшіне енген сот қаулысы бойынша жәбірленушілер сакандыру төлемдерін ала алады. Осылайша, жол-көлік оқиғасы болған сәттен сакандыру төлемдерін алғанға дейінгі уақыт шамамен 5-7 жұмыс күні аралығында ғана.

• ҚҰРЫЛТАЙ

Ұрпақ адал болсын десек...

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде «Биылғы Құрылтайдың сипаты-өзгеше, мазмұны да ауқымды. Ұлт тағдыры сыңа түскен сәттерде бәрі ақылдасып, елдің болашағын айқындаған» дей отырып, барша қазақ ел азаматтарының алдына 8 бағыттағы бастамаларды шығарып, соларды іске асыруды ұсынды. Осы бастамалардың ішіндегі қазіргі алмағайып кезеңде шешуші рөл атқаратын «Өскең ұрпақтың тәрбиесі өте маңызды» деген төрт бастамада жан-жақты тоқталып, ұрпақ тәрбиесіне бағытталған кезек күттірмейтін маңызды мәселелерді қолға алуды және қажетті іс-шараларды жүргізуді алға қойды. Жас ұрпақ адал болуы керек. Олардың адалдықты ту етіп, өсуіне ата-анадан бастап, мектеп мұғалімдері жауапты. Алайда, жаһандану мен ғаламтор дәуірінде жастарды дұрыс жолға бағыттау оңай шаруа емес.

Қай-қайсымыз да бұл өзекті мәселеге бей-жай қарамауымыз керек. Әр ата-ана мұны қазірден бастап қолға алмаса, ертең кеш болуы әбден мүмкін. Осы орайда аға буын өкілі ретінде замандастарыма, кейінгі толқын іні-қарындастарыма және кәмелетке

тарының атқаратын жасампаздық істері ерекше орын алады. Бұл азаматтар соңына ерген балалары мен немерелеріне тәлім-тәрбие беріп, оларды адал азамат етіп тәрбиелеу керек. Олардың еңбегінің өзегі жастарға үлгі, тәрбие беруге, адал азамат ретінде

мыстық жағдайы еңбек адамдарының атқарған ісімен жақсаратыны белгілі ғой. Сол себепті, олардың еңбегін дер кезінде мемлекет тарапынан бағалап, құрмет көрсетілсе, еліміздің алға жылжуы қарқынды болары сөзсіз.

Осы тұста әр азамат адал еңбек етіп, істеген ісіне асқан жауапкершілікпен қарауы ләзім. Айта кету керек, биылғы көктем мен жаз айлары біздің өңірде қолайлы болып тұрған жоқ.

Жауын-шашын өте мардымсыз, аңызак жел, қуаңшылық бел алып тұр. Сол себепті, шамалы шабындық пен жайылымдықты оттан қорғау аудан тұрғындары мен билік орындарының басты назарында болып, алдын ала өртке қарсы тұратын жігіттеріміз бен құрал-жабдықтар дайын тұру керек-ақ. «Сақтықта қорлық жоқ» демекші, егер жайылымдық жер өртеніп кетсе, қысқа түсетін аяқты малдың, әсіресе, жылқының жағдайы қиын болатынын білесіздер.

Мемлекет басшысы біздерге, азаматтарымызға арнайы: «Біз болашағы қандай мемлекет құрып жатырмыз? Ұлтымыз нені армандайды? Қазақстан азаматы қандай болуы керек? Еліміздің басты тірегі

• АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ

Бірнеше нысан бой көтереді

Қарағанды қаласының Оңтүстік-Шығыс ауданынан таяқ тастам жерде жатқан Үштөбе ауылдық округінің құрамына бес ауыл кіреді. Соның бірі осы атауды алған округ орталығы болса, қалғандары Құрылыс, Соқыр, Сарыарқа, Атамекен деп аталады. Кейінгі екеуінің аты өзгертілгеніне көп уақыт өте қойған да жоқ. Сарыарқа кезінде өз алдына бір кеңшар болған Заречныйды ауыстырса, Атамекен бұрынғы Новостройканың орнын басыпты. Бір қызығы, Атамекен ауылы 2017 жылға дейін Абай ауданының Дубовка ауылдық округіне қарап, мұндағы жұрт дәрігерге қаралып, емделуі, ең аяғы бір жапырақ анықтама алу үшін Қарағанды арқылы жол кешуіге мәжбүр болған еді. Ал, дубовкалықтар өздері қарайтын Бұқар жырау ауданының орталығы Ботақара кентінен де осылайша қалалатып қатынайтын. Ақыры сол 2017 жылы екі ауылдың тұрғындары бұл қолайсыздықтан құтылып, Дубовка іргесіндегі Абайға, осы күнгі Атамекен де Бұқар жырау ауданына беріліп, жылдар бойғы мәселенің түйіні шешілді.

Ержан ИМАШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қазірде аталған Үштөбе ауылдық округінде 5110 адам тұрады. Олардың арасында жұмыссыз жүрген жанды жолықтырмай-

дегі мектептің құрылысы өткен жылдың қазан айынан басталып кетсе, округ орталығында тұрғызылатын мектептің орны белгіленіп, енді оны салатын мердігер анықталу үстінде. Айтса айтқандай, ауыл шетін-

іргетасын құйып, бірінші қабаттың қабырғасын қызыл кірпіштен өрүде. Осындағы учаске бастығы Қайдар Қомаровтың айтуынша, құрылысшылар барлық жұмыстарды осы жылдың желтоқсан айының аяғына дейін бітірмекші. Ал, оған дейін 600-дей адам тұратын ауылдың балалары бұрынғы барак үлгісіндегі негізгі мектептің ескі ғимаратында оқи тұрмақ көрінеді. Жаңа оқу жылында балаларды қарсы алу үшін сол ғимаратта ағымдағы жүргізіліп жатқанына да куә болдық. Бұл нысан салынып біткенде онда оқу бөлмелері, зертханалар, спорт залы, жуыну, ем қабылдау бөлмелері, асхана, кітапхана, оқу шеберханалары болады деп күтілуде. Келесі Үштөбенің өзіндегі 200 орындық клуб үйінің құрылысын да жоғарыда айтылған Жауапкершілігі шектеулі серіктестік ұжымы мойынға алыпты. Былтыр қазан айында басталған оның қазірде қабырға конструкциялары орнатылып, көтерілуде. Мұндағы жұмыстарды 2024 жылдың қыркүйек ауданында аяқталғанға дейін қолдануға жоспарланған. Келешекте сәулетті ғимарат ішінде эмбебап үйірмелер, костюм, грим жасау, режиссиз, эстрада, видеооператор бөлмелері мен



толған жасөспірімдерге айтатыным сана-сезіміміз бен пайым-парасатымызды дұрыс бағытта ұстап, өзгерісті өзімізден және бүгін бастауымыз керек. Бұл – заман талабы, ұлттық кодымыздың іргесін бекітудің алғышарттары десек, артық айтқандық емес. Әсіресе, еліміздің материалдық құндылықтарын өндіруге аянбай үлес қосып жатқан 35-60 жас аралығындағы ел азамат-

жеткізуге бағытталуы тиіс. Қазаққа қазақтан басқа ешкімнің жаны ашымайды. Қазақтың ертеңі қазаққа ғана керек. Мұны түсінген абзал. Сондықтан, ойланайық, етек-жеңімзді жинап, ел-жердің ертеңіне қазірден алаңдайық.

Осы тұста Президентіміздің еңбек адамына жіті көңіл бөліп отырғанын атап айту қажет. Халықтың әлеуметтік, мәдени-тұр-

не? Миссиясы қандай?» деген маңызды сауалдарды ортаға салды. Көзі қырағы, көңілі ояу әр адам бұл мәселелерге бей-жай қарамас болар, сірә. Ендеше, Құрылтайды қолдап, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, жұмыла іске кірісейік, ағайын!

Боранбай ЖҰМКЕУЛЫ, Шет ауданының Құрметті азаматы

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Жол жөнделіп, жақсарады

Республикалық маңызы бар «Қалқаман – Баянауыл – Үміткер – Ботақара» бағытындағы жолдың жыры жылдар бойы жалғасып келе жатқан. Әсіресе, Ботақара кенті мен Үміткер ауылы аралығындағы 60 шақырым жол жазы-қысы ойдым-ойдым болып, жеңіл көлік түгілі ауыр жүк машиналарының да жүріп өтуіне қиындық келтіретін.

Ержан ИМАШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Енді, биыл жолдың осы тұсын жаңғыртып, асфальттауды «Қазавтожол» компаниясының Қарағанды бөлімшесі қолға алған болатын.

Бұл жұмыстарға 35 арнайы техника мен 50 маман жұмысшы жұмылдырылып, кешегі күнге дейін оның 40 шақырымы асфальтталып, «қалған 20 шақырымын жаз аяқталғанша бітіреміз»



деп отыр компания өкілдері. «Жол қадірін жүрген біледі» демекші, аталған республикалық жолдың жөнделуі осы маңдағы

деу жұмыстарының уақытылы аяқталуын тілеп отыр.

Бұқар жырау ауданы



Атамекендегі мектеп құрылысы



Үштөбеде клуб салынууда

сыз. Өйткені, өндірісі өркендеген облыс орталығы дәл іргеде тұрса, екіншіден, округ аумағында шаруашылық жүргізуші субъектілерден екі қолға бір жұмыс табылады. Атап айтқанда, осында екі құс фабрикасы, 67 шаруа қожалығы, 47 жеке кәсіпкер бар. Әр ауылда бірнеше дүкен, дәрігерлік пункттер, халықтың қажетін өтеп, сұранымын қанағаттандыратын әлеуметтік-мәдени және тұрмыстық нысандар жұмыс істейді. Ауалары абаттандырылып, жолы жөнделіп, көшелері асфальтталып, біртіндеп қала тұрмысына бейімделуде. – Биылдың өзінде біздің округ бойынша бірнеше нысан бой көтермек, – дейді Үштөбе ауылдық округінің әкімі Саят Нұрғазыұлы Шаяхов.

– Мәселен, Үштөбеде жаңа үлгідегі мектеп пен клуб, Атамекенде де жаңа мектеп ғимараттары салынып, пайдалануға беріледі. Бұл құрылыстар республикалық «Ауыл – Ел бесігі» және «Жайлы мектеп» жобалары аясында жүзеге асырылуда. Соның ішінде Үштөбедегі клуб пен Атамекен-

дегі бөлінген орынға барғанымызда, темір шарбақпен қоршалып тастағанын көрдік.

Бұдан кейін біз округ әкімдігінің бас маманы Мақсат Мұхтарұлымен бірге Үштөбеден 18 километр жердегі Атамекенге ат басын тіредік. Онда 150 балаға арналған екі қабатты мектептің құрылысы қарқынды жүріп жатыр екен. Осынау нысанның тапсырыс берушісі «Қарағанды облыстық құрылыс, саулет және қала құрылысы» ММ болса, оның бас мердігері «Astana Koktem Group» ЖШС болып табылады. Құрылыс басында тас қалаушылардың екі бригадасы қимыл жасап, кешегі күнге дейін оның

200 адамға арналған көрермендер залы қарастырылған. Құрылыс алаңына айналған округ тұрғындары жекеменшік үй салу ісін де қолға алған. Өткен жылы 97 адамға жер телімі бөлініп, соның 7-і өздеріне баспана тұрғызып алған. Үштөбеде қаңырап тұрған алты бескабатты екі үй қалпына келтіріліп, оларға әлеуметтік осал топтағы 25 отбасы қоныстанған. Ендігі қалған үйлер де өз кезегін күтуде. Осы жұмыстар тегіс біткенде, округ өңірлері, саулеттен түсері анық.

Бұқар жырау ауданы

• ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА

Түлек үшін маңызды күн

Әлия Молдағұлова атындағы облыстық мамандандырылған спорт мектеп-интернат колледжінде студенттер мен оқушыларға аттестат және диплом тапсыру іс-шарасы өтті. Салтанатты жыйынға оқушылар мен студенттердің ата-аналары жиналып, білім ордасына, ұстаздарға деген жылы лебізін білдірді.

– Мектеп-интернатымыздан түлеп ұшып, үлкен өмірге қадам басып жатқан түлектердің алдағы өміріне сәттілік тілеймін. Олардың алға қойған мақсаты көп. Түлектерімізден

Ал, балаларының алдағы өміріне ақ жол тілеп, үміт күтпеліктей білікті маман болатынына сенім білдірді. Аттестат пен диплом алған әр баланың бойында толқу мен ерекше көңіл-күй болды. Айтулы күні мектеп-интернатының директоры Ерден Халелин түлектерге ыстық ықыласы мен келешек өмірлеріне сәттілік тілеп, мектептің атын шығаратын үлкен азамат пен азаматша болуларына тілектес екенін айтты.

Әлия Молдағұлова атындағы облыстық мектеп – интернаты спорттың барлық түрлерін жетік меңгерген ұстаздар мен жаттықтырушылардың тоғасын жері. Бұл қаламыздағы жалғыз спорт мектеп-интернаты болса да, қаншама түлекті шыныдап, таңдаулы маман болуға жетелейтін нағыз білім ордасы. Биыл



мектеп-интернатынан отыз студент пен отыз бес оқушы түлеп ұшып, үлкен өмірге қадам басты. Олардың төртеуі қызыл диплом алды.

зор үміт күтеміз. Жаңа Қазақстанымыздың арқа сүйер үлкен азаматтары мен азаматшалары боларына сенеміз. Әр баланың бойында ұлт пен

елімізге деген патриоттық сезім бар. Сол сезім өшпес махаббатқа айналса, елімізді көркейтер білікті мамандардың көбейері де, анық. Ал, біз осы үшін аянбай жұмыс істеудеміз – дейді, оқу ісі жөніндегі мектеп-интернат директорының орынбасары Сәкен Ақдарбекұлы.

Әр азамат пен азаматша ел үмітін

тәрбие, сапалы білім беру маңызды. Олар – еліміздің болашағы. Елімізде қазір білім сапасына көп көңіл бөлініп, жаңа өзгерістер енгізілді. Ұстаздарға да, көп міндет пен жауапкершілік артылып, жыл сайын білімдерін толықтырып жатыр. Ел өркендеуі тікелей осы мамандарға байланысты болғандықтан, оларға артар үміт пен сенім көп.

– Өте ерекше әсерде тұрмын. Осы уақытқа дейін алған білімім мен төккен еңбегімнің жемісін көріп жатырмын. Осы үшін барша білім берген ұстаздарыма, ата-анама, мектеп-интернатының директоры Ерден Халелинге алғыс айтамын. Бұйырса, енді Ұлттық бірыңғай тестілеуден жоғары балл алып, грантка түсіп, ата-анамды қуантқым келеді. Мен өзі үшін аянбай еңбек етемін және осы оқым мектеп-интернатымын берген білімдерім ұмытпай, әрі қарай жалғастыру үшін жоғары білім алғым келеді, – дейді, қызыл диплом алушы түлек Айсұлу Бұлғынаева.

Қаламыздағы Әлия Молдағұлова облыстық мамандандырылған мектеп-интернатында ауыр атлетика, биатлон, бокс, велоспорт, грек-рим күресі, дзюдо, еркін күрес, жеңіл атлетика, жүзу, шорт-трек, қазақ

күресі және тағы басқа да спорт түрлері бар. Бұл мектеп-интернатында оқыған әр оқушы мен студент осы спорт түрлерінің барлығын меңгеріп, мықты спортшы болатыны анық.

– Менің немерем осы мектеп-интернатында оқиды. Биыл дипломын қолына алып, бәрімізді қуантып жатыр. Ал, енді, осы немереме, оның қатарластарына алдағы өмірде ақ жол тілеймін. Спорт саласының білікті маманы болсын. Әлия Молдағұлова атындағы мектеп-интернаты жыл сайын осындай оқушыларға тәрбие мен сапалы білімін беріп, ынтыландыра берсін. Мектеп-интернатындағы жаттықтырушыларға, ұстаздарға алғыс айтамын, – деді, түлектің әжесі Гүлнар Жабағина.

Іс-шара соңында барлығы естелік суретке түсіп, бір-біріне құттықтау тілектерін білдірді.

Алданбай ОЛЖАБАЕВА, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің II курс студенті

Суретті түсірген Александр МАРЧЕНКО



• МӘСЕЛЕ

«Самокат» тізгіндеудің сыры мен сыны

Соңғы жылдары елімізде мопед, скутер мен самокат мінетіндер саны артты. Әсіресе, жастар. Себебі, мұны мінген адам жанармай шығынынан құтылады. Тіпті, жүргізуші куәлігінің де керекі жоқ. Ал, қазір электросамокаттың фанатына айналғандар ең қымбатын да сатып алудан еш тартынбайды. Алайда, бұған Мәжіліс депутаттарының айтар уәжі бар. Жүргізуші куәлігін қажет етпейтін жеңіл көлік құралдары адам өміріне орасан қауіп келтіруі мүмкін екенін айтуда. Бұдан кейін мопед пен самокат сатылымы күрт төмендеп кетті. Сонымен, қос аяқты құрылғының пайдасы көп пе, зияны көп пе?

2015-2016 жылдары көптеген шетелдік тамақтану желісі бар дүкендер жеткізу қызметіне кететін шығынды, уақытты үнемдеу үшін қос аяқты құрылғылардың түр-түрін сатып ала бастады. Осылайша үнемді көлік бүгінде қала тұрғындарының қатынаса құралына айналып үлгерді. Тіпті, 16 жасқа толған жүргізуші куәлігі жоқ оқушылар сәнді мопедтермен мектепке қатынап жүр. Ал, ауылдағы бес жасар булдіршіндердің күнде ойынатын ойыншығына айналды.

Танымалдылығы артқан электронды көліктер еліміздің барлық қаласында бар. Көшелерде, жолда тұрғанын жиі байқайсыз. Осыған орай, биыл мамыр айының бірінші жартысында Мәжілісте «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне жол жүрісін ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданғаны белгілі. Жобаға сәйкес, электросамокаттар көлік құралы ретінде танылады, сондай-ақ жүру жылдамдығы сағатына 25 шақырымға дейінгі көлік құралдары электросамокат санатына жатады. Электросамокаттар велосипед жол-



Коллаж жасаған Айбек РАХЫМЖАН

дары мен жол жиектерінде шектеусіз жүре алады. Депутаттардың айтуынша, монодөңгелекті көліктердің автокөлік жолдары және тротуармен жүруі жаяу жүргіншілер мен жүргізушілерге айтарлықтай қауіп төндіріп отыр.

– Шектеулерді қадағалау қиын. Бірақ мұндай жылдамдық шамамен жаяу жүргіншілер легінің жылдамдығына тең. Бұл жылдамдық сырттай көзбен шолып анықталады. Электросамокат мінген адамға жолдың жүру бөлігінің оң жақ шетімен, оның ішінде автобус жолағымен бір қатарда жүруіне жол беріледі. Алайда, бұл үшін жүргізуші 18 жасқа толуы және шлем киюі керек. Сондай-ақ, оның үстінде жарық шағылыстыра-

зақстандық интернет дүкендерде пайдаланылған құрылғылар көптеп сатылымға шығарылған. Ал, электроскутер сататын дүкендер қалыптаты пайдасынан қағылып, керісінше қолданылған самокаттар жаппай сатылымға қойылған. Сарапшылардың дерегіне, биыл сәуір мен мамыр аралығында дүкендегі самокаттардың саудасы 30 пайызға дейін төмендеген. Бұған құжаттағы «Тротуарларда сағатына 6 километрден

қаладағы тапсырыс берушілерге самокаттың көмегімен тез дайындалатын тағамды жеткізуші болып жұмыс істейді. Оның айтуынша, заң күшіне енсе, жағдай қиындайды.

– Студент болған соң, оқудан бөлек, қосымша табыс табуды жөн көрдім. Қазір фаст-фуд өнімдерді жеткізуші болып жұмыс істеймін. Жұмыстан әрқайсымызға скутер, самокат берді. Ал егер заң күшіне енсе, тағам ыстық күйінде жеткізілмеуі мүмкін. Сондықтан, мұндай жағдайда басшылық көлікпен жеткізу қызметін қосып, фаст-фуд тағамдарын қымбаттатуы мүмкін. Жол ережесін білместікпен бұзған кездерім болды. Бұрындары самокатты сатып алғым келетін. Ал қазір пайдасы жоқ сияқты. Себебі, заң қабылдана, жүріп-тұру қиындауы мүмкін, – деді Әлішер.

Студенттің айтуынша, самокатқа екі адам болып мінуге тыйым салынған. «Өйткені, жүргізушіге де, жолаушыға да қауіп төнуі мүмкін. Ең қорқыныштысы – осы» дейді студент.

Электросамокатпен жол ережесін бұзғандар да жазаланады.

«Қазір электросамокат жүргізушілері жолаушыларды және жүктерді тасымалдау ережесін орындамаса, Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 593-бабы бойынша жауапқа тартылады. Бұл тұрғыда 5 айлық есептік көрсеткіш (17 250 теңге) мөлшерінде айыппұл салынады. Ал, 620-бап бойынша жолдағы қозғалыс кезінде өзге де талаштарды бұзғаны үшін ескерту немесе 3 АЕК (10 350 теңге) мөлшерінде айыппұл салынады», – деді ҚР ІІМ Әкімшілік полиция комитетінің төрағасы

Қайсар Сұлтанбаев.

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің заң факультетінің PhD докторы Алмаз Жексекиннің пікірінше, электросамокат жүргізушілері үшін жол қиылыстарының жолақтары Қарағанды қаласында әзірге жоқ. Бұл тек Астана, Алматы үлкен мегаполистерінде ғана бар деген ой айтты.

– Электросамокаттардың жолдармен және тротуарлармен жүруі жаяу жүргіншілер мен жүргізушілерге қауіп төндіреді. Ал заң жобасы екі жыл бұрын әзірленгенімен, тек 2022 жылы қабылданды. Электросамокат жүргізушілер жол қиылыстары мен жаяу жүргіншілер өткелдерінен жаяу өтуі керек. Ереже бойынша самокат мінген жүргізушіге өзімен бірге жүк не жолаушы тасымалдауға болмайды. Жоғары жылдамдықпен келе жатқан самокатшы жол беріп үлгермейтін балалар, қарт адамдар, жүкті әйелдерге қауіп төндіруі мүмкін. Сондықтан, бұл заң жүзінде қадағалануы керек, – деді Алмаз Жексекин.

Қазіргі таңда, электросамокаттан жапа шеккен адамдар аз емес. Монодөңгелекті тізгіндеген жеткізшекттердің қатысуымен көптеген апатты оқиға орын алды. Мәселен, Қарағандыдағы жаяу жүргіншілер өткелінде самокат тепкен адам жеті жасар баланы қағып кеткен. Бала жабық ми жарақатын алған, миы шайқалып сол жақ жамбас сүйегі жабық сынған. Ал, заң жүзеге аспаса, осындай келеңсіз жағдайлар жиілеп кетуі мүмкін.

Р.Б.: Адам өмірі бөрінен қымбат. «Тәртіпке бағынған құл болмайды» дегенді әрдайым есте ұстау қажет.

Таншолпан СҮЛЕЙМЕН, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің III курс студенті

• ӨЗЕКТІ

Электронды темекі несімен қауіпті?

Қазір жастардың көпшілігі электронды темекіге әуес. Зиянын біле тұра, тұтынудан бас тартпайды. Қоғам өкілдері мұны айтып, мәселе көгерсе де, құлақ асып жатқан ешкім жоқ. Электронды және бір реттік темекіге әлемнің 35 елі тыйым салған, 65 мемлекет арнайы шара қабылдаған. Өкінішке қарай, бұл тізімде Қазақстан жоқ. Елдің болашағы жастар болса, олардың саулығына неге мұқиятты қараймыз?

ҚР Парламенті Мәжілісінің кезекті отырысында депутат Нұрғұл Тау жастар арасында электронды темекілердің жаппай таралуына және қолданылуына тыйым салу мәселесін көтерген болатын.

– Денсаулық сақтау саласы сарапшыларының айтуынша, электронды темекінің құрамында көмірқышқыл газы, никотин, аммиак, шайырлы заттар, көгеретін қышқыл, органикалық қышқылдар сияқты 30-дан астам улы зат бар. Электронды темекі сырт пішінімен, хош иістерімен жастарды еліктереді. Бірақ, бұл темекі адам өкіесін ірітпін жібереді, – деді депутат.

Осыған байланысты депутат елімізде вейптер мен оның басқа түрлерін сатуға толығымен тыйым

қонтрафактілік өнім тәркіленді. Тәркіленген заттардың ішінде электронды темекі, құрамында никотин бар темекілер және кальян бар. Контрафактілік өнім иелеріне әкімшілік хаттамалар жасалған. Іс сотқа жіберілді.

Жастар арасында кеңінен таралып, өзекті мәселелердің бірі болған бұл өнім адам ағзасына қаншалықты зиян екені көпшілікке мәлім болса да, оны қолданушылар саны азаяр емес. Нақты деректерге сүйенсек, электронды темекінің кесірінен елімізде жылына 18 мың адам көз жұмады екен. Бұл құтылы темекіні біреулер ермек үшін қолданса, өзгесі кәдімгі темекіні тастауға көмектеседі деген ойда. Дәрігерлердің айтуынша, электронды темекінің

дерде ашық сатылып жатыр. Қымбат тұрса да соңғы ақшамды осы затты алуға жұмсаймын», – дейді Қарағанды тұрғыны.

Электронды темекінің ағзаға әсері 2015 жылдан бері жүргізіліп келеді.

Дәрігерлер дабыл қағуда. Электронды темекіден қан қысымы көтеріледі, қан тамырларының жұмысы бұзылады, миокард инфаркт мен инсульттің даму қаупі артады, өкпе және тыныс алу жолдары зақымдалады, тахикардия, құрғақ жөтел проблемалардың ең кішкентай белгілері пайда болатыны дәлелденген.

– Өкпесі ауыратын адамдар үшін темекі шегудің өлімге дейін апару қаупі бар. Электронды темекіде бұға айналатын сұйықтық қолданылады. Ол глисерин, пропиленгликоль және хош иісті қоспалардан тұрады. Қыздырған кезде формальдегидті бөлетін қосылыстар түзіледі. Электронды темекі сырттай зиянсыз болып көрінеді. Иісі жоқ, ештенсе жанбағаннан, түтін болмайтынды көрінеді, канцерогендер жоқ деп ойлайды. Бұл – қате түсінік. Денсаулыққа зияны жоқ деп ойлаған сайын темекіге тәуелділік арта түседі. Әсіресе, жасөспірім шақта вейптерді пайдалану өте қауіпті. Мен пациенттеріме электронды темекі тартуды тоқтатуды ұсынамын, – дейді Бонамед қоспалары медициналық орталығының дәрігер терапеві Әйгерім Мақұлбек.

Денсаулық сақтау ұйымының Қазақстанда жүргізген зерттеуі бойынша 11 жастан 15 жастағы жасөспірімдер арасында электронды темекіні тұтыну төрт жылда үш есеге өскен. Жастарды елікту үшін шылымның 15 мыңнан астам дәмін ойлап тапқан.

ҚР «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексте вейптерді сатуға ашық көрсетуде, оларды 21 жасқа толмаған адамдарға тыйым салу туралы норма қарастырылған, бірақ кәсіпкерлер заң талаптарын орындамайды. 2021 жылдан бері Денсаулық сақтау министрлігі вейптердің айналымына тыйым салу мәселесін көтеріп келеді. Бұл мәселе әлі де өзекті.

Темекі шегушілер өзінің болашағы туралы ойлануы және денсаулығын сақтау үшін темекі шегуден бас тартуы қажет. Ел болашағын ойласақ, бүгінгі «вейпті» ермек көрген бала болашақта темекіге тәуелділердің қатарын толықтырмасын десек, ертерек іске көшу керек.

Акерке ЖАРЫЛҒАСЫН, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің III курс студенті

• КӨКЕЙКЕСТІ

Алаяқтың арбауынан абай болыңыз!

Технология дамып, ұялы телефон арқылы кез келген дүниеге оңай қол жеткізетін мына заманда кей адамдар жұмыс істемей-ақ табыс табуды қалайды. Соның бірі – интернет алаяқтықпен айналысатындар. Қылмыстық іс-әрекетін жүзеге асыру үшін интернеттің мүмкіндігін оңтайлы пайдаланып жүрген алаяқтардың әдіс-тәсілдері күн сайын өзгеріп, жаңарып отырады. Облыста 677 адам интернет алаяқтардың арбауына түскен. Жыл сайын көрсеткіш көбеймесе, азаймай отыр.

Алаяқтың арбауына түскен 677 тұрғынға келтірілген шығын – 1 миллиард 16 миллион 179 мың теңге. Қарағанды облыстық полиция департаменті бастығының орынбасары Әбіл Әбілдин жыл басынан бері полиция қызметкерлері жүргізген кешенді іс-шаралар барысында ақпараттық жүйе арқылы бірнеше эпизод қылмыс жасаған 12 адам ұсталғанын айтты.

«Кейбір жағдайларда мұндай қылмыстарға қаржы ұйымдарының қызметкерлерінің қатысы анықталып жатады. Мәселен, 17 мамыр күні полиция қызметкерлері жүргізген кешенді жедел-іздікестіру шарасы барысында 40 жастағы банк қызметкері ұсталды. Ол өзінің қызметін пайдаланып, 33 жастағы танысына 66 жастағы зейнеткердің жеке деректерін беріп, зейнеткерге 930 мың теңге шығын келтірген. Қазіргі уақытта құдіктілердің осыған ұқсас қылмыстарға қатыстылығы тексеріліп жатыр», – деді Әбіл Әбілдин.

Статистикалық деректерге сүйенсек алаяқтық фактісінің ең көп таралған түрінің бірі – өзін «банк қызметкерімін» деп қоңырау шалу. Облыста сондай жолмен алаяқтық жасаудың 212 дерегі тіркелген. Оның ішінде Kaspi Bank – 52, Ұлттық банк – 49, Eurasian Bank – 35, Халық Банк – 25 фактіден, ForteBank – 19, Центр Кредит Банкі – 10, Homebank – 4, Қазақстан Банктер Ассоциациясы – 3, Jusan Bank бойынша 1 дерек тіркелген. Жалған банк қызметкерлері тарапынан тұрғындарға келтірілген шығын көлемі 400 млн. теңгені құрап отыр.

Шындығында, алаяқтардың айласына түсетін адамдар көбінесе психологиялық тұрғыдан әлсіз адамдар болып келеді. Көп жағдайда адамдар сенімшілтігі мен аңқаулығының кесірінен оларға барлық ақпаратты өздері береді. Алаяқ үшін ең бастысы – тұзаққа түскен адамның эмоциялық жай-күйі екенін айтады психологтар.

– Адамдардың көпшілігі алдау схемаларын жақсы біледі және теориялық тұрғыдан алаяқты оңай таниды. Кей жағдайда алаяқтардың психологиялық әсері күшейіп, адам бөтен әрекеттер жасай бастайды: құпия мәліметтерді хабарлау, несие

алу, ақша аудару және т.б. Сондықтан, қазіргі таңда алаяқтардың әрекеттері туралы білумен қатар, олардың психологиялық әдістерін білу маңызды. Алаяқтардың психологиялық қысымынан қорғанудың ең сенімді жолы – әңгімеден үзіліс жасап, мұқият ойлану. Егер, сізге қаржылық инвестицияны қажет ететін шешім қабылдау ұсынылса, бұл – сөзсіз алаяқтық. Біз, ересектер, балаларымызға бо-



тен адамдарға сенбеді, сөйлеспеді және олармен ешқандай бармауды үйретеміз, бірақ кейде өзіміз бұл ережелерді бұзамыз. Соның салдарынан ересектер де алданып, алаяқтардың құрығына түсіп қалады, – дейді психолог Аяжан Нұрғалиева.

Психолог маман алаяқтықтан сақтану жолдарын айтты. «Алаяқтың айласына түспеудің ең оңай және тиімді жолы – бейтаныс адамдармен араласпау қажет. Асығыс шешім қабылдауға итермелесе де, ондай әрекетке бармаңыз. «Жоқ» деп айтуды үйреніңіз және адам сіздің ортаныңдан неғұрлым алыс болса, соғұрлым ол «жоқ» деп жиі айтуы керек. Кейде бұл қиын, бірақ өзіңіздің қауіпсіздігіңіз үшін мұны үйрену маңызды. Қасыңыздағы жақындарыңызға, әсіресе балалар мен қарт адамдарға қоңіл болған жөн. Бөтен қоңырауларға жауап беріп, сөйлескеннен гөрі уақытыңызды пайдалы нәрселерге жұмсаңыз», – деді психолог Аяжан Нұрғалиева.

Қарағанды облысының криминалдық полиция басқармасы бастығының айтуынша, қобие алаяқтардың құрығына түсетіндер 20 жастан асқандар.

Оның бір дәлелі – мына мысал. Биыл сәуір айында интернет алаяқтардың құрбаны бола жаздаған Айбек Қайтпа-ров есімді 19 жасар жас жігіт OLX-те рюкзак сатпақ болған. Оған алаяқтар шамамен 7 рет хат жазған. Дегенмен жасөспірім алаяқтардан ақылдырақ болып шықты.

– Мен OLX-те рюкзак сатпақшы болып, кейін WhatsApp арқылы маған әртүрлі номерлерден хат келе бастады. Соның арасында сатып жатқан өнім туралы бір-екі сұрақ қойды, кейін барлығын төлегенін жазды. Олар маған сілтеме жіберді. Онда «сілтемеге кіріп, төлемді алыңыз» деп жазылған. Алайда мен ешқандай сілтемеге кірмейтіндімді айтып, чек жіберуді өтінігімде олар маған жауап қайтармады, – деді ол.

Әрине, алаяқтықтан сақтану керек. Мұны облыстық Полиция департаментінің мамандары да жарғақ құлағы жастыққа тимей тұрғындарға ескертуде.

«Банктер болсын, құқық қорғау орындары болсын, еш уақытта сізге телефонмен хабарласып немесе мессенджермен жазып, пароль секілді құпия мәліметтерді сұрамайды. Тіптен қажет болған жағдайда, банк қызметкері сізге хабарласып, бар мәселені нақтылау үшін «біздің кез келген бөлімшемізге келіп кетіңіз» деп өтінуі мүмкін. Себебі, телефон арқылы ондай мәселелер шешілмейді. Осыны ұмытпайық. Қандай жағдай болмасын телефоныңызға келген банктің СМС-хабарламаларын ешкімге көрсетпесіңіз, жібермеңіз. Құжаттарыңыздың көшірмесін ешкімге жолдаманыз. Кез келген азамат осындай қарапайым ережелерді назарда ұстаса, алаяқтықтың азаюына әсері болар еді», – деп хабарлады Полиция департаменті.

Балым ҚУАТБЕКОВА, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің III курс студенті



Коллаж жасаған Айбек РАХЫМЖАН

сау мүмкіндігін қарастыруды, электронды темекілердің, оның ішінде вейптердің жарнамасына тыйым салып, жауапкершілікті күшейтуді ұсынды.


Маусым айында Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті құрамында никотин және темекі бар контрафактілік өнімдерді сақтау орындарына рейд жүргізді. Департамент мәліметінше, жалпы сомасы 6,5 млн. теңгені құрайтын әр түрлі маркадағы 3 мың

негізгі бөлігі ол – никотинді улы зат. Ол қанға өтіп, психологиялық тәуелділікті тудырады.

Апы-жөнін жарияламауды өтінген 20 жастағы кейіпкеріміз электронды темекі шегіп жүргендерге қызығып, бір рет тартып көрейін деп қолданғанын жасырмады. «Бір рет шегіп көремін деп қалай тәуелді болып қалғанымды білмей қалдым. Ағза үйреніп алған соң іздеп тұрады екенсің. Темекіні тартқым келіп тұрады. Қазіргі таңда барлық дүкен-

• ЖАС ҚАЛАМ

Зор мүмкіндік мекені



Қазір Астанаға баруды армандамайтын бала кемде кем. Қыдырып баруға болсын, оқуға немесе жұмысқа тұруға бәрі асық. Сондықтан да Астананы шексіз мүмкіндіктер мен асқақ армандар мекені деуге болады.

Астана – әсем қала. Оның әр ғимараты қала көрікіне көрік қосып, ерекшелігін арттыра түседі. Есіл өзенінің жанында орналасқан Үкімет пен Парламентке арналған әкімшілік ғимараттары, Хан шатыр, мәдениет сарайлары мен спорт кешендері, театрлар, тарихи тұлғаларымызға арналған ескерткіштер, қаланың белгісіне айналған – Бәйтерек бір-бірімен үйлесім тапқан.

Мен секілді мектеп түлектері үшін Астанада оқу – арман. Өмірім Астанамен байланыстырамын деген адамның алдынан мол мүмкіндік есігі ашылады. Жаңа ортада жаңа мүмкіндіктермен жарқын болашаққа деген сенім пайда болады.

Жалпы, Астананың тартымдылығы неде? Оның заман талабына сай бой көтеріп келе жатуында болар. Оны еліміздің басқа қалаларымен салыстыра алмаймыз. Астана ғимараттары шетелдік қалаларды елестетеді.

Астананың бүгінгі жетістігі тек тәуелсіздіктің арқасында ғана қол жеткізуге болатын мүмкіндік деуге келеді. Бүгінгі жас ұрпаққа осында өзгеріс пен жаңарудың қуәсі болу бақыты бұйырыпты. Әрине, мұның барлығы өздігінен бола салған жоқ. Бас қаланың жоқтан бар болуы тұңғыш Президенттің ерлігінің арқасы. Бұл өзгеріс жеке адамның ғана емес, тұтас қоғамның өміріне әсер еткен анық. Қанша кереғар пікір болса да тарихи шешімнің дұрыс болғанына бүгінгі уақыт дәлел.

Астананың одан әрі көркеюі жастардың қолында.



Жалынды жастар қашанда елдің дамытушы күші екені жасырын емес. Жастар жиналған жерде тың идея, жаңаша болжам, зерттеулер мен серпіліс болады. Бас қаладағы жоғары оқу ордаларынан білім алып, еліміздің болашағы үшін үлес қосқым келеді. Жастар қаласында

алдағы бағытты айқындап, арман-мақсатыма жетуге асықпын.

Ерасыл БЕКЗАТУЛЫ,
№66 мектеп-лицейінің түлегі

ҚАРАҒАНДЫ

• КЕМЕ ЖАСАУ ЧЕМПИОНАТЫ

Теміртаулықтар – тұғырда

Теміртаудағы технопарк командасы Тараз қаласында өткен кеме жасау спортынан ҚР XXVIII чемпионатында I орынға ие болды. Бұл сынға еліміздің барлық өңірінен 200-ге жуық оқушы радио арқылы басқарылатын және жылдамдығы жоғары жарыс модельдерінің көшірме санаты бойынша қатысты.

Келген пилоттармен өткен финалдық жарыста жеңіске жетті. Сондай-ақ, біздің теміртаулық Иван Косарев бұл жағдайда да жеңіске жетуге болатынын дәлелдеді. Ол республика чемпионы атанды. «Стандарт» жарысындағы II орынды Александр Заманов иеленді. Дегенмен ол ойынның орта кезеңінде қайғын сындырып алды. Ал, чемпион атағын біздің ең мықты шабандо-

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Әр жасампаз бала алдымен көшірме модельдегі кемелерін көрсетті. Олардың модельдері сызба бойынша салынған түпнұсқа кемелерді дәлме-дәл қайталайды. Алдымен қазылар алқасы олардың судағы негізгі қасиеттерін, түпнұсқаға сәйкестігін, бояуын, өндіріс мінсіздігін бағалап, әр кемеге сай ұпай қойды. Содан кейін қатысушылар арнайы қашықтықтан өтуі керек болды. Осы екі кезең бағаларымен спортшының ұпайы анықталады, – деді Қарағанды облысы құрамасының бас бапкері Сергей Окочников.

Осылайша, Теміртау командасы жарыстың барлық кезең қорытындысы бойынша Қазақстан чемпионы атанды. Азаматтық кеме модельдерінің ішінде теміртаулық Эрик Дамер өзінің ерекше кемесімен I орынды жеңіп алды. Ал американдық эсминецтің прототипін жасаған Марк Окочниковқа Қазақстан чемпионы атағы берілді. Ол сонымен қатар мәнгерлеп жүзетін кеме моделі санатында күміс медаль алды.

– Бәсекелестік өте күшті болды. Мадияр



Елемесов жарыстың ең ауыр кезеңінде чемпион атанып, Ақтөбе және Алматы қалаларынан

зымыз Максим Хуторной жеңіп алды, – деп атап өтті Сергей Окочников.

• ЗАҢ ЖӘНЕ БІЗ

Жемқорлық – қастық

Сыбайлас жемқорлық – ел экономикасының дамуына кедергі келтіретін ең басты қауіптердің бірі. Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының оқу залында «Сыбайлас жемқорлық – әлеуметтік қастық» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрме аясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жазылған кітаптар, мерзімді басылымдар, буклеттер мен жадынамалар көпшілік назарына ұсынылды.

– «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдылық сипаттама» – оқу құралында сыбайлас жемқорлықтың қоғамға қауіптілігі, олармен қарсы күрестің қылмыстық құқықтық мәселелері, Қылмыстық кодексе, сыбайлас жемқорлық жекеленген түрлері туралы зерттелген. «ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің қазіргі таңдағы өзекті проблемалары» – бұл жинаққа Қаржы полициясы академиясы 2012 жылғы 27 сәуірде өткізілген «ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің өзекті проблемалары» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияның ма-

териалдары енгізілді, – дейді оқу залдары бөлімінің кітапханашысы А.Майданбекова.

Көрмеге мерзімді басылымдар беттерінде жарияланған мақалалар да ұсынылды. Атап айтсақ, республикалық «Егемен Қазақстан», «Айқын», «Зан», «Қазақстанская правда» сынды басылымдардағы мақалалардан сыбайлас жемқорлық, паракорлық тақырыбындағы көкейкесті мәселелермен танысуға болады.

Айсұлтан ҚӘБІР,
Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің II курс студенті



Қарағанды облысы: ауа райы						
	25 маусым		26 маусым		27 маусым	
Қарағанды қаласы	+20	+11	+20	+12	+19	+11
Абай ауданы	+21	+9	+20	+12	+19	+10
Ақтоғай ауданы	+19	+7	+21	+9	+20	+9
Бұқар жырау ауданы	+18	+9	+20	+9	+16	+10
Қарқаралы ауданы	+16	+8	+19	+8	+17	+9
Нұра ауданы	+22	+7	+17	+13	+19	+10
Осакаров ауданы	+20	+8	+18	+14	+18	+10
Шет ауданы	+20	+8	+21	+10	+19	+10

Ақпарат <https://www.gismeteo.kz/> сайтынан алынды

Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданының №2 аудандық сотында Любовь Васильевна Страдаваньң өтініші бойынша 31.08.1939 жылы туған Вячеслав Алексеевич Страдаевты қайтыс болды деп хабарлау бойынша азаматтық іс қозғалды. Вячеслав Алексеевич Страдаев 31.08.1939 жылы туған, туған жері Саратов облысы, Ресей Федерациясы кімде-кім тұрғылықты жері туралы мәліметті білсе, осы туралы Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданының №2 аудандық сотына, мына мекенжай бойынша: Қарағанды қаласы, 22 ықшама аудан, 17/1 үй, тел: 32-88-30; қандай да бір ақпарат туралы хабарлама шыққаннан кейін үш ай мерзім уақыт ішінде хабарлауларыңызды сұраймыз.

№385

• ЖАЗ ҚЫЗЫҒЫ

Алғашқы маусым ашылды

Теміртау қаласының Мәдениет үйі жанындағы «Арман дала» жазғы лагері қала балалары үшін алғашқы маусымын ашты. Оған 7-13 жас аралығындағы жеткіншектер таңертеңгі сағат 10:00-ден түскі 13:00-ге дейін тегін барып, қатыса алады.



Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған Мәдениет үйі жастар бөлімінің басшысы Валентина Павлик осы орайда:

– Бұл бірінші маусымда біз 10 күн бойы балалардың шығармашылығын дамыт мен айналысамыз. Олар мұнда көркем шығармашылықпен, декоративтік-қолданбалы өнермен, музыка, би-мен және басқа да пайдалы іспен шұғылданады.

Қазір лагерге күніне 22 бала келіп жүр. Жалпы, жаз уақытында бұл жазғы лагерьде 4 тақырыптық маусым өткізу жоспарланыпты. Валентина Павликтің айтуынша, келесі маусым «Медиа.БАҚ» бағытында ұйымдастырылып, ол бейнежазба әлеуметтік желіге әуес жас балғындар үшін қызықты болатын түрі бар.

ТЕМІРТАУ

«Дүниеге келер әлі талай Қасым» республикалық мүшәйрасының ЕРЕЖЕСІ

Қарағанды облысының әкімдігі, облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы 2023 жылдың қазан айында дауылаз ақын Қасым Аманжоловтың атындағы «Дүниеге келер әлі талай Қасым» республикалық мүшәйрасын өткізеді.

– Мүшәйраға 20-35 жас аралығындағы үміткерлер қатыса алады;

– Қасым Аманжоловқа арнау және еркін тақырыпта – барлығы 3 өлең ұсынылуы міндетті;

– шығармалар электрондық нұсқада Microsoft Word форматында жіберілуі қажет;

– «Дүниеге келер әлі талай Қасым» республикалық мүшәйрасының алдыңғы жүзделі орын иегерлерінің құжаттары төрт жыл көлемінде қайта қабылданбайды;

– жинақтарда, мерзімді басылымдарда, сайттарда, әлеуметтік желілерде жарияланған, басқа байқауларға ұсынылған және талапқа сай келмейтін шығармалар қабылданбайды.

Барлық келіп түскен шығармаларды байқаудың қазылар алқасы қарап, талдау жасайды және іріктейді. Үміткерлердің шығармаларын бағалау кезінде:

– ұсынылған шығармалар тақы-

рының байқау мақсатына сәйкестігіне;

– шығарманың идеялық мазмұнына;

– туындының көркемдік сапасына;

– автордың сөз саптау мәнері, стильдік ерекшелігіне баса назар аударылады.

Мүшәйраның жеңімпазы мен жүлдегерлері дипломдар және ақшалай сыйлықтармен марапатталады.

Мүшәйраның марапаттау рәсіміне жүлдегерлер ғана шақырылады. Шараның өту форматы мен нақты мерзімі қосымша хабарланады.

Мүшәйраға қатысу үшін үміткердің тапсырыстары (аты-жөні, жұмыс немесе оқу орны, байланыс телефондары, жеке куәлігінің электронды көшірмесі) және шығармалары 2023 жылғы 10 қыркүйекке дейін kag_til@krg.gov.kz электронды мекенжайы бойынша қабылданады.

Анықтама телефондары: 8(7212)513800, 87072393902

«Дүниеге келер әлі талай Қасым» атты республикалық жыр мүшәйрасына қатысуға өтінім

Тегі, аты, әкесінің аты	Туған күні, айы, жылы	Республика өңірі, елді мекені	Жұмыс оқу орны, лауазымы	Байланыс телефондары, электронды поштасы
-------------------------	-----------------------	-------------------------------	--------------------------	--

№168

ТОО «AlemGaz» уведомляет потребителей о повышении предельной цены на услуги розничной реализации сжиженного емкостного через ГРУ с 01 июля 2023 года в соответствии с внесением изменений в мотивированное заключение № 35-03-09/734-И от 01.06.2023. Увеличение тарифа связано с увеличением стоимости услуги транспортировки газа по газопроводам от ГРУ на вводе потребителя на 2023-2026 годы в размере 83,20 тенге /кг без учета НДС. Цена на услуги розничной реализации сжиженного емкостного через ГРУ за 1 кг газа составит 264,79 тенге без учета НДС.

№167

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

Қарағанды Шинсервис ШИНАЛАР

Арнайы диллер «Алтайский шинный комбинат» ААҚ «Росава» ЖАҚ «Матадор» ЖАҚ

- жеңілдету көліктері үшін
- жеңілдету көліктері үшін
- тракторлар және ауылшаруашылығы техникалары үшін
- арнайы техникалары үшін

БІЗ АРНАЙ ШИНАЛАР САТПАЙМЫЗ, БІЗ АРАМАУ БАҒАҒА САТАМЫЗ

Қарағанды қ. қойма: Асфальттың көш., 22, дүкен: Бытовая көш., 14/1
тел. 8(7212) 97 20 27; 8 707 80 35 800

«Қарағанды облысының кәсіпкерлік басқармасы» ММ ұжымы Болат ТОҒАЙБАЕВ пен Амина ТОҒАЙБАЕВАНЫҢ мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, туыс-туғандары мен жақындарына қайғырып көңіл айтамыз.

№386

• «ШАХТЕР» ФУТБОЛ КЛУБЫНА – 65 ЖЫЛ

Аңыз клуб жүрген жол

Биыл аты аңызға айналған «Шахтер» футбол клубы мерейлі 65 жылдығымен қатар 2013-2014 маусымында Еуропа Лигасына шыққанына 10 жыл толғанын атап өтпек. «Шахтердің» қазақстандық футбол тарихына енгізген өзгерісі ел аузында. Өйткені, дәл осы қарағандылық «Шахтер» қазақстандық футболды халықаралық деңгейге көтеріп, еурокубоктардың топтық кезеңіне шыққан алғашқы команда еді.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Шахтер» футбол клубының тарихы кеншілер өлкесінің шежіресімен етене байланысты. Қарағанды қаласы мен облыстағы алғашқы футбол командалары Қарағанды көмір бассейнімен қатар қалыптасты.

Расында, Арқадағы аяқдоп ұжымы әлдеқайда ертерек құрылғанымен, қарағандылық «Шахтер» өзінің ресми жылнамасы мен тарихын шеберлер командасы ретінде 1958 жылдан бері есептеп келеді. Соғысқа дейін клуб «Угольщик» деп аталып, жеңістен бірнеше жыл өткен соң бүгінгі «Шахтер» атауын иемденді.

1957 жылы Қарағандыда «Спартак» (Алматы), «Строитель» (Алматы), «Шахтер» (Қарағанды), «Металлург» (Өскемен), «Динамо» (Ақмола) және «Авангард» (Орал) сынды республиканың үздік алты командасының қатысуымен Қазақстан біріншілігінің ақтық кездесуі өтті. Ол сында «Кеншілер» екі елордалық командаға жол беріп, III орынға табан тіреген еді. Алғашқы жеңістің дәмі. Таңсық әсер. «Шахтердің» бұл жеңісіне жаттықтырушы Василий Гилев зор еңбек сіңірді. Оны айтпаса болмас.

1962 жылы «Кеншілер» КСРО чемпионатының ең мықты дивизионында ойнау құқығын жеңіп алды. Алайда, кеңестік футбол билігі бұған тосқауыл қойды. 1970-1973 жылдары «Шахтер» кеңес футболының I лигасында, содан кейін Қазақстан егемендік алғанға дейін II лигада өнер көрсетіп келді.

Ал, 1992 жылдан бастап Қарағанды командасы Тәуелсіз Қазақстан чемпионаттарына қатыса бастады. 1995, 2007 және 2009 жылдары қола медаль алып, олжалы атанады. Ең маңыздысы 2011 жылы команда атап айтарлық жоғары нәтижеге қол жеткізіп, алғаш рет Қазақстан чемпионы атағын жеңіп алды. 2009 және 2010 жыл-



дары «Шахтер» ҚР Кубогының финалында бақ сынады. Қоржындағы алтын медальдар «Шахтердің» УЕФА Чемпиондар Лигасына жолдама алуына мол септігін тигізді.

Бірінші ойында «Шахтер» словениялық «Копер» клубымен кездесті. Қос кездесу қорытындысы бойынша (1:1, 2:1) «Шахтер» жеңіске жетіп, команда өз тарихында алғаш рет УЕФА Еуропа Лигасының екінші іріктеу кезеңіне өтеді. Екінші кезеңде біздің команда ирландиялық «Сент-Патрик Атлетик» футбол клубымен жолығып, өз алаңында бірінші кездесуді 2:1 есебімен жеңіп, екінші кездесуде 0:2 есебімен есе жіберді.

2012 жылдың жазында қарағандылықтар құрлықтық турнирдің екінші іріктеу кезеңінде қарсыластарын анықтады. Ол Чехияның чемпион командасы Либерецтен келген «Слован» клубы болып шықты.

Бірінші матч сырт алаңда өтті. 17 шілдедегі тартысты бәсекеде «Шахтер» қарсыластарынан 1:0 есебімен жеңіліп қалды.

Алғашқы минуттардан бастап қоғайын команда қонақтардың қапқасына шабуыл үдете бастады. Десек те, гол тек ойынның



40-минутында пенальти арқылы соғылды. Ал, кездесудің соңғы минутында «Слован» футболшыларына сәттілік серік болып, «Шахтер» еурокубоктағы жолын тәмамдады. 2012 жылғы 21 қазанда қарағандылықтар маусым аяқталғанға дейінгі турда бірінші орынды еншілеп, чемпион атағын сәтті қорғады.

«Шахтердің» дубльдік құрамы алғаш рет қосалқы құрамдар турнирінде алтын медаль жеңіп алды. Екінші іріктеу матчында «Шахтер» Беларусьыдан келген әйгілі «БАТЭ» клубын 1:0 есебімен жеңіп, елімізге жағымды тосын сый жасады. УЕФА Чемпиондар Лигасының үшінші іріктеу кезеңінде елордалық «Астана-Арена» стадионында «Шахтер» Албания чемпионы, «Скендербеу» клубын 3:0 есебімен ойсырата жеңді.

«Шахтердің» Албания чемпионын жеңуі Қазақстанды УЕФА рейтингінде жоғары сағатыға көтерді. Албания астанасы Тиранада «Кемаль Стафа» стадионында өткен матчта біздің футболшылар 2:3 есебімен жеңіліп қалды. Бірақ, екі кездесу қорытындысы бойынша келесі айналымға өтті. Жеребе тарту-дан соң Ньон (Швейцария) УЕФА Чемпиондар Лигасының топтық кезеңіне шығу үшін «Шахтердің» қарсылашы Шотландиядан келген «Селтик» (Глазго) титулды клубы болып анықталды. Плей-офтың алғашқы матчында УЕФА Чемпиондар Лигасының топтық раундына «Шахтер» «Астана-Арена» стадионында Шотландияның әйгілі «Селтик» клубын 2:0 есебімен жеңді. Глазгодағы қарымта матчта «Шахтер» табанды күресте шотландтарға 0:3 есебімен есе жіберді. Дегенмен «Шахтер» клубы қазақстандық футбол тарихында тұңғыш рет Еуропа Лигасының топтық раундына шықты. Қарағандылықтардың қарсыластары ПАОК (Греция), «АЗ Алкмар» (Голландия) және «Маккаби» Хайфа (Израиль) командалары өнер көрсетті. Барлық матчтар қорытындысы бойынша қарағандылық «Шахтер» L тобының турнирлік кестесінде екі ұпаймен төртінші орынды иеленді.

Осылайша «Шахтер» еурокубоктардың топтық кезеңіне өткен алғашқы қазақстандық клуб болды. 2013 жылдың 10 қарашасында қарағандылық «Шахтер» өз тарихында тұңғыш рет ел Кубогын жеңіп алды. Ақтық сында «Таразды» 1:0 есебімен жеңіп, жаттықтырушы Виктор Кумыковтың шәкірттері УЕФА президенті Мишель Platинидің қолынан естелік медальдар алды.

2014 жылғы маусымда «Шахтер» жарыстың фавориттері қатарына еніп, Қазақстан чемпионатын сәтті бастады. Виктор Кумыковтың шәкірттері УЕФА Еуропа Лигасының іріктеу кезеңдерінде Қазақстан абыройын лайықты деңгейде қорғады. «Шахтердің» алғашқы қарсылашы Армениядан келген «Ширак» болды. Оны жерлестеріміз көп күш жұмсамай-ақ жеңді. Ал, екінші қарсылас – литвалық «Атлантас» «Шахтердің» өз аренасында өткен матчта ойсырай жеңілді. Үшінші іріктеу кезеңінде «Шахтер» хорватиялық «Хайдукпен» кездесіп ойыннан шығып қалды. Шахтер 2014 жылғы маусымды турнир кестесінің алтыншы орынында аяқтады.

• ЖЕКПЕ-ЖЕК

Сора әлем чемпионы атанды

Қарағандылық Сора Рахмонова NAIZA турнирінде Валерий Карыгинаны айықп басымдықпен жеңгеннен кейін Астанада өткен қоян-қолтық ұрыстан әлем чемпионатына қатысып, бас жүлдені жеңіп алды.

Еліміздің бас қаласында өткен жарыста Шавкат Рахмоновтың қарындасы жарысқа тігілген бас жүлдеге ие болып, әлемнің үш дүркін чемпионы атанды.

– Әлем чемпионатымен қосқанда қоян-қолтық ұрыстан әлемді үш рет мойындаттым. Барлық жанашырларыма қолдау көрсеткені үшін рақмет! Бұл мен үшін әлі тек бастама. Елімнің намысын алда бұдан да үлкен жарыстарда асқақтатамын деп сенемін, – деп жазды Сора Рахмонова әлеуметтік желідегі парақшасында.



• КИКБОКС

Күміспен оралды

Кикбоксан Венгрияда өткен Әлем кубогында ел намысын қорғаған қарағандылық Руслан Степанов күміс жүлдеге ие болды.

Ол – Қарағандыдағы облыстық мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің қызметкері әрі халықаралық дәрежедегі спорт шебері. Руслан кикбоксан 19 жасынан бері айналысып келеді. Ал, Венгриядағы байрақты бәсекеде 81 келі дәрежесінде сынға түсіп, ақтық кезеңге дейін жеткен.

– Ақтық сынға дейінгі қарсыластарымды ұпай басымдығымен жеңдім. Алайда, финалдық жекпе-жекте қарсыласымнан бір гана ұпай санымен жеңілдім. Енді Сауд Арабиясында өтетін Дүниежүзілік жарысқа дайындықты бастаймын. Сондай-ақ, Қазақстан чемпионатында және Португалияда өтетін Әлем чемпионатында бақ сынасам ба деп отырмын, – дейді Руслан Степанов.



• ОЛИМПИАДА КҮНІ

Атаулы күн Астанада өтті

Халықаралық Олимпиада комитетінің қолдауымен бүкіл әлемде Халықаралық Олимпиада күнін атап өтті.

Тарихи күнге орай елордадағы Триатлон саябағында Олимпиада чемпиондары мен спорт түрлері бойынша жүлдегерлердің шеберлік сабақтарымен, каратэ мен таэквондодан көрме ойындарымен үлкен спорт мерекесі өтті. Жас спортшылар мен көрермендер эстафеталарға, түрлі жарыстар мен байқауларға қатысып, Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиада комитетіне естелік сыйлықтар мен кәдесыйлар алды.

Сонымен қатар, дәстүр бойынша Ұлттық Олимпиадалық комитет пен спортшылар жыл сайын «Олимпиада күнінде дүние есігін ашқан» акциясын өткізіп, бүкіл Қазақстан бойынша аналар мен жаңа туған нәрестелерге естелік сыйлықтар табыстады. Ондағы мақсат – ана мен балаға қуаныш сыйлау.

Дайындаған
Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

• ҚАЛА ТЫНЫСЫ

Жаңа мурал пайда болды

Қарағандыда жаңа мурал «қабырғадағы сурет» пайда болды. Бұл өте ірі көлемді өнер туындысы Назарбаев даңғылы бойындағы №3 мектептің жанындағы ғимарат қабырғасына орнықты. Робототехника тақырыбында салынған көрнекті мурал «Урок 2041» деп аталады. Жаңа мурал Қарағанды қалалық ғылым орталығының жетекшілігімен жүзеге асырылған.



Муралды жасауға бір жыл бұрын ұсыныс тасталып, Қарағанды урбанистика орталығы арқылы орын белгіленіп, «PROFLAND» компаниясының басшысы Артем Слесаренконың демеушілігімен аталған туындының тұсауы кесілді.

Артем Слесаренко – жеке өнеркәсіппен айналысатын кәсіпкер, әрі бизнес жаттықтырушы. Оның айтуынша, ең бастысы – сапалы өнім шығару. Өзінің сұхбатында ол әрдайым дамуды, бөлашаққа бағдар жасап қолдайтынын, бастысы бізді қандай болашақ күтіп тұрғанын елестетіп, тайсалмай әрекет еткен абзал екенін айтады.

«Алдағы уақытта қала бойынша IT, Deep tech (ағылш. «терең технологиялар»), Space-Tech (ағылш. «ғарыштық технологиялар») тематикасындағы сапалы муралдардың көлемін арттырып, қоғамның сана-санын жаңғыртып, Қазақстанда қайталанбас отандық керемет технологиялар өнімдері жасауға болатындығы, біз тек қана шикізат елі еместігіміз туралы жалғыз бірдей ой қалыптастыруды көздейміз. №3 мектеп маңындағы жеткіншектер жиі өтетін орынға робототехника тақырыбындағы өнер туындысын бейнеледі», – дейді Артем Слесаренко.

Урбанистика орталығындағы «Урок 2041» муралы тек робототехника мен IT тақырыбын айшықтамайтынын атап өтті:

«Бұл біздің әрбір кішкентай қадамдар арқылы құрылып жатқан болашақ туралы. Ол қандай қадамдар? Қоқыстарды тазалаңыз, баланыңызға, жақындырыңызға табиғат пен жан-жануарларға құрметпен қарау керек екенін айта жүріп, көршілеріңізбен және әріптестеріңізбен жиі-жиі сенбілік ұйымдастырып ерікті болыңыз. Әр тұрғын өзіне жауапты болған кезде бүкіл қала жұртшылығының болашағы жарқын болатындығына шын жүректен сенеміз», – дейді қалалық ғылым орталығы.

Көрнекті муралдың орындаушысы – дарынды қабырға суретшісі Бота Кенжебаева.

Айсұлтан КӨБІР,
Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің II курс студенті
ҚАРАҒАНДЫ

• ЕРІКТІЛЕРДІҢ ИГІ ІСІ

Асыл мұраға қамқорлық

Ақтоғай ауданындағы Бектау-Ата – туристер көп баратын мекен. Десек те, кейінгі кезде киелі мекенге барғандар Бектау-Ата жартастарына түрлі жазулар жазып кететіні жиілеген. Осыған орай, Балқаш қаласының жастарынан құралған ерікті топ жартастардағы 10-ға жуық жазуды өшірді.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Біз 10-ға жуық жазуды алып тастадық. Жұмыс оңай емес. Жартастарды тазарту үшін ескі бояуға арналған еріткіш, қатты щеткалар, су мен күш-жігер қажет, – деді Балқаш қаласының Жастар ресурстық орталығының басшысы Ирина Федорова.



Бектау-Ата тау жыныстарын тазарттық. Бұл акцияға Балқаштан 20 ерікті қатысты, – дейді «Birgemiz: asyl mura» шағын грант жетекшісі Жанарай Санақбай. Олар мұндай іс-шараларды тұрақты түрде өткізуді жоспарлап отыр.

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Сауатқа Ағрағат» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары –
«Индустриальная Караганда»
газетінің бас редакторы –
О.В. МЯГКИХ
Директордың орынбасары –
Г.Ш. ЖУМАДИЛДИНОВА

Бас редактор –
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Н.С. ДҮТБАЙ
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы м.а. –
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтық, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігіндегі Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № КЗ18ВР00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalayk.kz@gmail.com; ortalayk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalayk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілімесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD003131,
БИК KСJZKZXX БИН 000840001412

Таралымы 5 885

№70 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылған. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Жан АМАНТАЙ**